

Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ  
**ҰЛТТЫҚ БІЛІМ  
АКАДЕМИЯСЫ**  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛДІЛІГІНЕ  
**30**  
ЖЫЛ

Ы. АЛТЫНСАРИН  
**18**  
ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ

ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

# БІЛІМ ОБРАЗОВАНИЕ

ISSN 1607-2790

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№1 (96) 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ИМ. И.АЛТЫНСАРИНА

THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
NATIONAL ACADEMY OF EDUCATION NAMED AFTER Y. ALTYSARIN

# **БІЛІМ – ОБРАЗОВАНИЕ**

**ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ  
SCIENTIFIC-PEDAGOGICAL JOURNAL**

**№1 (96) 2021**

**Нұр-Сұлтан, 2021  
Нур-Султан, 2021  
Nur-Sultan, 2021**

**ҚР БҒМ Ұ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының  
ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ**

**Басылымның кезеңділігі - жылына 4 рет шығады**

№ 9838-Ж

есепке қою, қайта есепке қою туралы

**КУӘЛІК**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат және мұрағат комитетінде берілген

**ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ**

**БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК,  
АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ЖАРИЯЛАУ**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

**Пұсырманов Н.С.** – философия докторы (PhD),  
редакция алқасының төрағасы;

**Чокушева А.И.** – философия докторы (PhD);

**Бекмағамбетов Ә.Б.** – з.ғ.к., қауымдастырылған профессор;

**Вербицкая Н.О.** – п.ғ.д., профессор (Ресей);

**Калимуллин А.М.** – т.ғ.д., профессор (Ресей);

**Кожамжарова Д.П.** – т.ғ.д., профессор;

**Кулмаматов Д.С.** – ф.ғ.д., профессор (Өзбекстан);

**Есім Ғ.** – филос.ғ.д., профессор;

**Мехмет Гувен** – психология ғ.д., профессор (Түркия);

**Шаймерденова М.Д.** – т.ғ.к., профессор;

**Бутабаева Л.А.** – философия докторы (PhD);

**Мукашева М.У.** – п.ғ.к., доцент;

**Нарбекова Б.М.** – т.ғ.к., доцент;

**Балкунова Н.П.** – ф.ғ.к., жауапты редактор;

**Аубакирова А.К.** – корректор.

*Материалдардың анықтығына авторлар жауапты болады.  
Редакция материалдарды қабылдамауға құқылы.*

**НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ**  
**Национальной академии образования имени И. АЛТЫНСАРИНА МОН РК**

**Периодичность издания – 4 номера в год**

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на учет, переучете № 9838-Ж  
выдано Комитетом информации и архивов Министерства культуры и  
информации Республики Казахстан

**ТЕМАТИЧЕСКАЯ НАПРАВЛЕННОСТЬ**

ПУБЛИКАЦИЯ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИХ, ИНФОРМАЦИОННО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ  
МАТЕРИАЛОВ ПО ПРОБЛЕМАМ ОБРАЗОВАНИЯ И ВОСПИТАНИЯ

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Пусырманов Н.С.** – доктор философии (PhD),  
председатель редакционной коллегии;  
**Чокушева А.И.** – доктор философии (PhD);  
**Бекмагамбетов А.Б.** – к.ю.н., ассоциированный профессор;  
**Вербицкая Н.О.** – д.п.н., профессор (Россия);  
**Калимуллин А.М.** – д.и.н., профессор (Россия);  
**Кожамжарова Д.П.** – д.и.н., профессор;  
**Кулмаматов Д.С.** – д.ф.н., профессор (Узбекистан);  
**Есим Г.** – д.филос.н., профессор;  
**Мехмет Гувен** – д.психол.н., профессор (Турция);  
**Шаймерденова Н.Ж.** – д.ф.н., профессор;  
**Бутабаева Л.А.** – доктор философии (PhD);  
**Мукашева М.У.** – к.п.н., доцент;  
**Нарбекова Б.М.** – к.и.н., доцент;  
**Балкунова Н.П.** – к.ф.н., ответственный редактор;  
**Аубакирова А.К.** – корректор.

*Ответственность за достоверность материалов несут авторы.  
Редакция оставляет за собой право отклонять материалы.*

**SCIENTIFIC-PEDAGOGICAL JOURNAL**  
**National Academy of education named after Y.Altynsarin, MES RK**

**Frequency of publication – 4 issues per year**

**CERTIFICATE**

about registration, re-registration  
No. 9838-F

issued by the Committee of information and archives of the Ministry of culture and information  
of the Republic of Kazakhstan

**THEMATIC FOCUS**

PUBLICATION OF SCIENTIFIC AND METHODOLOGICAL,  
INFORMATION AND EDUCATIONAL MATERIALS ON EDUCATION AND UPBRINGING

**EDITORIAL BOARD**

- Pusyрманов N.S.** – Doctor of Philosophy (PhD),  
Chairman of the editorial Board;  
**Chokusheva A. I.** – Doctor of Philosophy (PhD);  
**Bekmagambetov A. B.** – Candidate of Law, associate Professor;  
**Verbitskaya N. O.** – Doctor of pedagogy, Professor (Russia);  
**Kalimullin A.M.** – Doctor of history, Professor (Russia);  
**Kozhamzharova D.P.** – Doctor of history, Professor;  
**Kulmamatov D. S.** – Doctor of Philology, Professor (Uzbekistan);  
**Yesim G.** – Doctor of Philosophy, Professor;  
**Mehmet Guven** – Doctor of Psychology, Professor (Turkey);  
**Shaimerdenova N.Zh.** – Doctor of Philology, Professor;  
**Butabayeva L. A.** – Doctor of Philosophy (PhD);  
**Mukasheva M.U.** – Candidate of pedagogics, associate Professor;  
**Narbekova B.M.** – Candidate of history, associate Professor;  
**Balkunova N.P.** – Candidate of philology, executive editor;  
**Aubakirova A.K.** – corrector.

*The authors are responsible for the accuracy of the materials.  
The editorial board reserves the right to reject the materials.*

## МАЗМҰНЫ

### БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫ / ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПОЛИТИКА / EDUCATIONAL POLICY

<b>Башарұлы Р.</b> Қазақстан Республикасының ұлттық мектебін орнықты дамытудың стратегиялық бағыттары.....	6
<b>Агманова А.Е., Гаранина Е.П.</b> Актуальные проблемы образования: первые международные педагогические чтения в Казахстане....	19
<b>Майыл Б. Аскеров</b> Дистанционное образование – требование XXI века.....	27
<b>Мухамеджанова А.К.</b> Итоги социологического исследования по категории «Родители».....	33
<b>Калкеева К.Р., Мукушева А.Н., Болатхан Ә.Б.</b> К вопросу об исследовательском компоненте в содержании образования.....	51

### ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ / ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ОБУЧЕНИЯ / THEORY AND PRACTICE OF TEACHING

<b>Крушева А.Е.</b> Жоғары сынып оқушыларының танымдық іс-әрекеті және оны жүзеге асырудың ерекшелігі.....	58
<b>Каппасова С.Е.</b> Особенности повышения функциональной математической грамотности школьников.....	65
<b>Тұралина Л.Ә.</b> Қазіргі ғылым мен білім берудегі интерактивті-фасилитациялық тиімді әдістер.....	71

### ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІС / НАУЧНЫЙ ПОИСК / SCIENTIFIC SEARCH

<b>Чайковская Е. Н.</b> Особенности изучения шорского языка как неродного в начальной школе.....	77
<b>Дюсембина Ж. К., Жеңіс Бақжібек</b> The main factors to consider while working with children with disabilities in secondary schools.....	84
<b>Иманкулова Ж.Е., Аубакирова А.К.</b> Р.Токтаровтың образ жасау шеберлігі («Абайдың жұмбағы» романы негізінде).....	90

### ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ / ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ВОСПИТАНИЯ / THEORY AND PRACTICE OF EDUCATION

<b>Мукашева А.Б., Сапаржанова А.О.</b> Хореография өнеріндегі психологияның рөлі.....	100
--	-----

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТАРИХЫНАН / ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ / FROM THE HISTORY OF KAZAKHSTAN EDUCATION

<b>Әлқожаева Н.С., Сәулебек А.Н.</b> Қазақстандағы педагог-психологтарды даярлаудың тарихы.....	108
--	-----

БІЗДІҢ АВТОРЛАР / НАШИ АВТОРЫ / OUR AUTHORS.....	119
ЖУРНАЛ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ / ПОЛОЖЕНИЕ О ЖУРНАЛЕ / POSITION ABOUT THE JOURNAL.....	120

FTAMP 14.01.11

**Р. БАШАРҰЛЫ***профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.**e-mail: r.basharuly@gmail.com***ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕКТЕБІН ОРНЫҚТЫ  
ДАМУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ ұлт мектебінің проблемалары, оларды шешудің ғылыми-әдіснамалық негіздері және орнықты дамытудың стратегиялық бағыттары қарастырылады.

**Тірек сөздер:** ұлттық мектеп, ғылыми-әдіснама, салыстырмалы педагогика, орнықты дамыту, әдістемелік жүйе, оқытудың ұжымдық формасы.

**КІРІСПЕ**

Қазақстан Республикасының ұлттық мектебін орнықты дамытудың проблемалары мен стратегиялық бағыттарын шынайы анықтауда басшылыққа алатын екі іргелі ғылыми тұғыр бар. Оның бірінші тұғырын **ғылыми-әдіснаманың (методологияның) заңдары мен қағидалары** [1], ал екінші тұғырын білім берудің әлемдік кеңістігінде туындаған қайшылықтар мен проблемаларды шешуге арналған кең ауқымды **салыстырмалы педагогикалық зерттеулердің қорытындылары** құрайды [2].

**ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Осы екі тұғыр **білім беру философиясының** ғылыми негізін құрайды. Кез келген зерттеулерде басшылыққа алынатын ғылыми-әдіснаманың заңдары мен қағидалары негізінен үш деңгейден тұрады. Оның бірінші деңгейін философиялық таным теориясының жалпығылыми заңдары, екінші деңгейін

жүйелілік амалдарының жалпығылыми қағидалары мен ережелері, ал үшінші деңгейін әр ғылымның өзіне тән заңдары мен ұстанымдары құрайды.

Білім беру саласының проблемаларын шешуде көбірек қолданыс табатын ғылыми-әдіснаманың үш деңгейін қамтитын кейбір заңдар мен қағидалардың, ережелер мен ұстанымдардың жиынтығы төменде (кесте-1) көрнекі түрде берілді. Ұлттық мектептің проблемаларын айқындап, шешу жолдары мен стратегиялық орнықты даму бағыттарын анықтауда, бір жағынан, ғылыми-әдіснаманың заңдары мен қағидаларына жүгіну, екінші жағынан, әлемдік және отандық білім беру кеңістіктеріндегі проблемаларға арналған салыстырмалы педагогикалық зерттеулердің нәтижелеріне сүйену ғылыми негізі жоқ субъективтік көзқарастарға бой алдыратын ауытқулардан сақтандырып, шынайы қорытындылар жасауға жеткізеді.

Кесте-1. Зерттеулерде бағыт-бағдар көрсететін ғылыми-әдіснаманың деңгейлері, заңдары мен қағидалары

Әдіснама деңгейлері	Заңдар, қағидалар, принциптер (ұстанымдар), ережелер
I. Жалпығылыми философиялық деңгей	<b>Таным теориясының жалпығылыми заңдары:</b> - Жалпы мен ерекшенің және жекешенің бірлік заңы; - Қарама-қайшылықтардың бірлік және күрес заңы; - Мазмұн мен форманың үйлесімдік заңы, т.с.с.
II. Жалпығылыми жүйелілік деңгей	<b>Жүйелілік амалдарының жалпығылыми ережелері:</b> - Оңтайлы жүйе құру ережесі; - Жүйенің функционалды толымдылық ережесі, т.с.с.
III. Жекеғылыми деңгей	<b>Жеке ғылымдардың (мысалы, педагогикалық психологияның) заңдары мен принциптері:</b> - ойлау қабілетін баспалдақтап дамыту заңы; - біріктіру (синтез) арқылы талдау принципі; - тәрбиелей оқыту, дамыта оқыту принциптері; - оқытудың мәдени, табиғи үйлесімдік принциптері, т.с.с.

Салыстырмалы педагогикалық зерттеулер тек педагогиканың ғана емес, өзге де ғылымдардың: саясаттанудың, әлеуметтанудың, философияның, демографияның, экономиканың, психологияның, тарихтың басқа да ғылым салаларының қағидалары мен ұстанымдарын басшылыққа алады. Сонымен қатар ғылымның аталған салалары да салыстырмалы педагогикалық зерттеулердің нәтижелерін кеңінен пайдаланады. Ғылыми-әдіснаманың заңдары мен қағидаларын басшылыққа алатын салыстырмалы педагогика пәнаралық ғылым ретінде отандық білім беру кеңістігін **орнықты дамыту** мақсатында мынадай екі ұлы бағытта зерттеулер жүргізеді:

**бірінші ұлы бағыт** – білім беру жүйесін жалпы **ғылыми-әдіснамалық** тұрғыдан қамтамасыз ету;

**екінші ұлы бағыт** – оқытудың біртұтас **ғылыми әдістемелік** жүйесін талдамалап жасау арқылы қамтамасыз ету.

Білім берудің әлемдік кеңістігінде жүргізілген салыстырмалы педагогикалық зерттеулерге сүйене отырып, еліміздің білім беру кеңістігіндегі не-

гізгі проблемаларын, оларды шешу амалдары мен біртұтас ұлттық мектепті орнықты дамытудың стратегиялық бағдарларын жоғарыда келтірілген екі ұлы бағыт бойынша **ғылыми-әдіснамалық** тұрғыдан да, **ғылыми-әдістемелік** тұрғыдан да талдамалап көрсетуге болады. Бірінші бағыттағы салыстырмалы зерттеулер философиялық жалпы ғылыми таным теориясының ақиқат заңдарын («Жалпы мен ерекшенің және жекешенің бірлік заңын», «Форма мен мазмұнның үйлесімдік заңын», «Қарама-қайшылықтардың бірлік және күрес заңдарын») басшылыққа алып, отандық және әлемдік білім беру жүйелерінде туындаған проблемаларды салыстыра зерттеп, тура жолға түсіретін түбегейлі қорытындылар жасайды; сөйтіп олардың орнықты дамуын ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз етеді. Екінші бағыттағы зерттеулер әр елдің ұлттық білім беру жүйесінің толымды немесе толымсыздығын философияның жалпы ғылыми жүйелілік қағидалары мен ережелерін («Жүйе құрылымының толымдылық ережесін», «Жүйенің біртұтастық қағидасын» т.с.с.) басшылыққа алып талдаулар жүргізіп,



біртұтас жүйенің де және оның жеке құраушыларының да орнықты дамуын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ететін қорытындылар жасайды.

Философиялық таным теориясының жалпығылыми заңдарын және жүйелілік қағидалары мен ереже-ұстанымдарын басшылыққа алу, әлемдік кеңістіктегі және әр елдің үздіксіз білім беру жүйесіндегі **ең басты проблемаларын** дәл анықтап, дұрыс қойылуын қамтамасыз етеді. **Проблеманың дұрыс қойылуы**, оны шешуге кеткен бүкіл еңбектің 50%-ын құрайтыны ғылыми ойдың тарихи дамуы мен өмірлік практикасында дәлелденген. Міне сондықтан да көп мәнді пәнаралық ғылым ретінде салыстырмалы педагогикалық зерттеулерге деген сұраныс әлемдік деңгейде күн санап артып келеді. Әр елде жүргізіліп жатқан зерттеулердің нәтижелерін салыстыра талдау негізінде әлем кеңістігіндегі білім берудің қайшылықтары ашылады; жетістіктерімен қоса кемшіліктері де көрініс табады; жаһандық білім беру кеңістігіндегі Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесінің алатын орны мен өзіндік ерекшелігі зерделенеді; орнықты даму бағытынан ауытқу нышандары көрсетіліп, негізгі проблемалары айқындалады, сөйтіп білім беру жүйесін орнықты дамытудың стратегиялық бағыттары анықталады. Бұның бәрі күрделі пәнаралық байланыстар тауып, отандық білім беру жүйесін дамыту стратегиясын талдамалап жасауға, **мемлекеттік ұлттық білім беру саясатын ғылыми негіздеуге** көмектеседі. Осылайша еліміздің саяси, әлеуметтік, экономикалық өмірінің дамуын субъективтік ауытқулардан сақтандырып, объективті ғылыми талдаулардың нәтижелеріне негізделген **орнықты даму** жолын айқындауға өз үлесін қосады.

Мемлекеттік ұлттық білім беру саясатын ғылыми негізде емес, идеологиялық ұстанымдар негізінде анықтау мысалдарын, оның неге әкеп соғатынын және олардан қандай тарихи тағылым алуға болатынын патшалы Ресей империясының *«православие, самодержавие и народность»* деген және Кеңес Одағының *«бір тілді және бір мәдениетті»* мемлекеттік білім беру саясаттарынан табамыз. Субъективтік көзқарастарға негізделген бұл екі империялық саясаттың көздеген мақсаттарының бірдей екендігін Ресей білім академиясының (РАО) академигі Б. Т. Лихачев ашық айтқан болатын [3].

Ғылыми-әдіснаманың ақиқат жалпығылыми заңдары мен қағидаларына негізделмеген, тек субъективтік көзқарастардың шылауынан шықпайтын мұндай мемлекеттік білім беру саясатының Кеңес Одағы сияқты көп ұлтты мемлекет үшін ел өмірінің орнықты даму факторына айнала алмайтыны анық еді. Көп ұлтты мемлекеттің білім беру саясатының ғылыми негізі жоқ субъективтік көзқарастар мен жалаң идеологиялық қондырғылар шеңберімен шектелуі алып елдің ыдырауына әкелген басты факторларының бірі болды. Салыстырмалы педагогика пәнаралық ғылым ретінде әлем елдерінің білім беру жүйесіндегі озық үлгілерінен де, немесе қайшылықтарға толы «тар жол, тайғақ кезеңдерінен» де тарихи тағылым алуға жетелейді.

Білім беру жүйесінің **ұлттық өзіндік ерекшелігі** – кез келген елдің мемлекеттік тәуелсіздігінің және қайталанбас мәдени болмысының ең маңызды факторларының бірінен саналады. Сондықтан салыстырмалы педагогиканың ең өзекті **ғылыми-әдіснамалық проблемасы** – бұл білім беру жүйелеріндегі **жаһандық және ұлттық құндылықтар**

мәселесіне тіреледі. Кез келген елдің біртұтас үздіксіз білім беру жүйесінде сол елдің ұлттық құндылықтарын анықтайтын айнасы, сонымен бірге әдебиеті мен мәдениетін, салт-дәстүрі мен болмыс пішінін, тарихы мен өнерін, табиғаты мен жаратылысын және басқа да ерекшеліктерін ұлттың генетикалық кодында (есінде) сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеңіл таратып жеткізетін, К.Ушинскийдің тілімен айтқанда, «*оқытуды таңғаларлықтай оңайлататын құдіретті де қуатты қаруы – ана тілі*» екені классикалық педагогикада баяғыда дәлелденген [4]. Баланы жас кезінен бастап ана тілінен ажыратудың, немесе ана тілін қалыптастырмай тұрып, бастауыш мектептерде бірнеше тілдерді қатарластыра оқытудың зардапты болатынын патшалы Ресей империясы кезінде-ақ К.Ушинский мен Ы.Алтынсарин және олардың ізбасарлары «бұратана» мектептердің практикасына сүйеніп, қорытынды жасаған еді. Оған мысал ретінде Ы. Алтынсариннің ізбасары және оның еңбектерін қайта бастырушылардың бірі – А.В. Василевтің 1912 жылы Қазан қаласында бастырып шығарған «Киргизский букварьдің» («Қазақ әліппесінің») алғы сөзінде жазған бір үзік мына пікірін келтіруге болады [5]: «*Отстранение ребенка-инородца от родного языка сопровождается сильным понижением умственных способностей, талантовости, творчества; порождает мелкоду чувств и шаткость характера и ведет к вырождению*». («Өзге текті баланы ана тілінен шеттету ойлау қабілеттерінің, таланттылығының, шығармашылық жасампаздығының қатты құлдырауына жетелейді; мінезінің тайғанақтығын және сезімінің сүреңсіздігін туғызады, әрі азып тозуына әкеледі»). Алайда көп ұлтты патшалы Ресей де, Кеңес Одағы да ұлттық мектептерді дамытуға ынта-

лы болмады. Екі империяның да жүргізген «бір тілді, бір мәдениетті» білім беру саясаты әсіресе Қазақстан халықтары үшін ауыр соққы болды. Өйткені сауатсыздықтың жаңа өлшемі – **функциялық сауатсыздық** бойынша алып империя ыдыраған кезде Қазақстан жұртшылығы әлем елдерінің ішінде ең соңғы ондықтың соңында қалып қойды. Қазақстан халқының функциялық сауатсыздығы – Кеңес Одағының қалдырған аса зардапты ауыр мұрасы, әрі жас мемлекеттің шешуге тиісті **ең өзекті проблемасына** айналды.

Функциялық сауатсыздықтың сандық көрсеткіштері бойынша өзінің ана тілі – мемлекеттік қазақ тілін білмейтін немесе еркін меңгермеген қазақтардың саны 50 пайыздан аспаса, кем емес. Мұндай функциялық сауатсыздық көрсеткіші «жоғары білімді» қазақтардың қарасы көбейген сайын, олардың арасында ғылыми атақтары жоғарлаған сайын, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелердегі лауазымдары өскен сайын арта түседі. Оған мысал ретінде Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының 2000 жылы өткізген қорытынды жылдық жиналысында сол кездегі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры, академик К.Нәрібаевтің мына сөзін келтіруге болады [6]: «*Біздің университеттің барлық факультеттерінде дерлік қазақ бөлімдері ашылған, ал осыған байланысты оқыту мәселесінде көптеген қиындықтар туындауда. Өкініштісі, профессорлардың 95%-тен, доценттердің 82%-тен астамы қазақтар болғанымен, олардың көбі қазақ тілінде дәріс жүргізуге дайын емес, қазақ тілін білім тілі деңгейінде меңгермеген. 210 профессордың тек 60-ы ғана, ал 700-ге жуық ғылым кандидаттарының тек 320-330-ы ғана қазақ тілінде сабақ бере алады, қалғандары қазақ*

тілінде дәріс беруге **сауатсыз** болып шықты».

ЮНЕСКО-ның құжаттарында талай рет көрсетілген **«жаңа сауатсыздық»** немесе **«функциялық сауатсыздық»** біздің елімізде де **проблемаға** айналып отыр. Бұған бой беріп, қазақ тілінде жоғары білім алғысы келетін жастарымыздың орынды қоғамдық сұраныстарын қанағаттандыруға дәрменсіздік танытуға хақымыз жоқ. Еліміздегі функциялық сауатсыздық сияқты «жауырды жаба тоқуға» болмайтын ащы шындықтың бір жағы осындай.

Шындықтың екінші жағына келсек, еліміздегі 120-ға жуық этностардың ішінде мемлекеттік тілді білмейтін функциялық сауатсыздығы жағынан орыс этносы бірінші орында тұр. Алайда, өткен шақта білім алған қазақтардың өз ана тілін білмеуі, ал орыс және басқа этностардың қазақ тілін білмеуі олардың бетіне басатын кінәсі емес. Өйткені қазақтар Кеңестік дәуірде жүргізілген халық санақтарының статистикалық мәліметтерінің бәрінде де қазақ тілінен шеттетіліп, оны білмесе де, **98-99 пайызы ана тілім – қазақ тілі** деп көрсетті, әрі білсем деп көкседі. Міне, бұл қазақ халқының мемлекет алдына қойған **әлеуметтік тапсырысы** мен **қоғамдық сұранысы** еді, алайда бұндай тапсырыстар мен сұраныстарға империяны басқарып отырған саяси билік құлақ аспады. Көп ұлтты мемлекетті мекендеген ұлттар мен этностардың қоғамдық-әлеуметтік сұраныстарына қайшы келетін ғылымға негізделмеген субъективтік «бір тілді, бір мәдениетті» білім беру саясатын жалғастыра берді. Осылайша елімізде «жаңа сауатсыздық – функциялық сауатсыздық» қалыптасты. Ал КСРО-дан өзге дамыған мемлекеттер өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап

өз елдеріндегі «жаңа сауатсыздық – функциялық сауатсыздықтың» сандық деңгейлерін миллиондап көрсетіп, себеп-салдарларын жіліктей анықтап, оны жоюдың мемлекеттік деңгейде жүргізілетін нақты іс-шараларын белгілеп жүзеге асыра бастады [7].

Егер Кеңес Одағы мемлекеттің білім беру саясатын философиялық жалпығылыми таным теориясының **«Жалпы мен ерекшенің және жекешенің бірлік заңын»** басшылыққа алып айқындағанында, онда бүкіл одақ шеңберінде және Қазақстанда да тілдерді игеруге байланысты проблемалар мен «функциялық сауатсыздықтар» орын алмас еді. Кеңес Одағы жағдайында бұл жалпығылыми Заң бойынша орыс тілі – мемлекеттік **«жалпы»** құндылықты, ұлттық республикаларға аттарын берген халықтардың тілде – **«ерекше»** құндылықты, ал өзге халықтар мен этностардың тілдері – **«жекеше»** құндылықты құрауы керек еді, әрі үш құндылыққа да бірдей мән беріліп, олардың диалектикалық бірлігін мемлекет қатаң сақтауға тиіс болатын. Табиғи ортаға да, әдеуметтік ортаға да құдіреті бірдей тарайтын бұл жалпы ғылыми әмбебап Заңда көрсетілген «жалпы» мен «ерекшенің» немесе «жекешенің» біреуіне мән берілмесе, онда кез келген жүйе диалектиканың атасы – Гегельдің қысқа да нұсқа тұжырымдағанындай, **«мағынасыз абстракцияға»** айналып, сөйтіп ерте ме, кеш пе өміршеңдігінен айрылады [1]. Оған Кеңес Одағының ыдырауы және оның жүргізген «мағынасыз» мемлекеттік білім беру саясаты дәлел. Осындай жайттардан тарихи тағылым ала отырып, көп этносты Қазақстан Республикасы жағдайында жоғарыда аталған жалпығылыми таным теориясының

Заңына сүйенсек, онда **қазақ тілі – мемлекеттік «жалпы» құндылық, орыс тілі – «ерекше» құндылық, ал өзге этнос тілдері – «жекеше» құндылық** екенін Қазақстанның әр азаматының санасына жеткізе отырып, отбасы мен бала бақша және бастауыш мектеп жүйесінде осы үш тұғырлы құндылықты меңгермеген әр оқушының «функциялық сауатсыздықтар» қатарында қала беретінін түсіндіру парыз. Міне, сондықтан әлем елдері **отбасы + балабақша + бастауыш мектеп** жүйесіне де, ата-аналарға да баланың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру міндетін жүктеп, бұл жүйеге жаһандық құндылықтардың салмағын түсірмейді.

Ұлттың өзіндік мәдени болмысының келбетін ашатын құндылықтарының айнасы – ана тілін оқытып қалыптастырудың ауырлық центрі жалпы орта мектеп басқышына, әсіресе оның бастауыш мектеп буынына түсетіні, ал жаһандық құндылықтарды оқытудың ауырлық центрі арнайы мектептерден бастап жоғары оқу орындарына қарай ауысатыны салыстырмалық педагогикалық зерттеулерде түбегейлі айқындалды. Оған мысал ретінде өткен ғасырдың екінші жартысында ЮНЕСКО-ның Париждегі Білім беру институты 20 елде 21 жыл бойы үзбей жүргізген аса ауқымды іргелі салыстырмалы зерттеулерін айтуға болады. Зерттеуге ЮНЕСКО тарапынан және 20 елден қатысқан көптеген ғалымдар мен педагогтер Қазақстан үшін де көкейтесті болып отырған көптеген проблемалық сұрақтарға практикада тексерілген нақты жауаптар алды [8]. Зерттеушілердің алдына мынадай сұрақтар қойылды:

1) *Шетел тілдерін ана тіліне негіздеп оқытқан тиімді ме, немесе ана тіліне сүйенбей-ақ тікелей оқытқан тиімді ме?*

2) *Шетел тілдерін үздіксіз білім беру жүйесінің қай басқышынан бастап оқытқан тиімді?*

3) *Оқу процесінің сапалық деңгейін көтеруге бірінші кезекте ерекше әсер ететін не?:*

а) *мемлекеттік стандарттар пен оқу бағдарламаларының сапалық деңгейі ме?*

ә) *оқулықтардың сапалық деңгейі ме?*

б) *мұғалімдердің сапалық деңгейі ме?*

Осындай проблемалық сұрақтарды шешуге арналған ауқымды халықаралық салыстырмалы педагогикалық зерттеудің жетекшісі болып тағайындалған швециялық ғалым Томсен баланы шетел тілдеріне ерте жастан ана тіліне негіздемей оқыту тиімді деген зерттеушілердің қатарында болды. 21 жылға созылған практикалық зерттеулерден кейін Томсен мен басқа да ғалымдар өздерінің көзқарастарының қате жолда екенін түсінді, сөйтіп жоғарыдағы сұрақтарға мынадай түбегейлі жауаптар алынып, білім беру ұйымдарына тиісті ұсыныстар жасалды:

1) *Шетел тілдерін де, басқа пәндерді де ана тіліне негіздеп оқытудың тиімділігі өте жоғары; сондықтан баланың ана тілін жетік қалыптастыру білім ұйымдарының басты мақсаты болуға тиіс.*

2) *Шетел тілдерін баланың ана тіліндегі сөйлеу және жазу тілі берік қалыптасқаннан кейін орта басқыштан бастап оқытқан тиімді.*

3) *Мұғалімдердің білімі мен біліктілігінің биік сапалық деңгейі оқу процесінің сапалық деңгейін көтеруде ең басты көрсеткіш болып табылады. Білімді де білікті мұғалімдерді даярлау қоғам өмірінің барлық саласын орнықты дамытуға әкеледі.*

Әр елдің біртұтас ұлттық мектебінің алдында тұрған ұлы мұраты өз ұлтының рухани құндылықтарын жаһандық құндылықтармен үйлесімді ұштастыра отырып, оның өшпейтін ұлы байлығы – **адами капиталды** дамыту болып табылады. Табиғи ресурстар азайып тапшы бола бастаған қазіргі заманда елді кенелтетін **ең байлық – адами капитал**. Адами капиталы мол ел – ол бұдан мың жылдан астам уақыт бұрын әл-Фараби аңсаған **қайырлы қоғам** елі, ол біржарым ғасыр бұрын Абай армандаған **толық адамдар** елі. Ал адами капиталды өндіретін де, сомдайтын да, дамытатын да қуатты күш – ол Л. Толстой айтып кеткен **кемел мұғалімдер**. Л.Толстой мұғалімдерді төрт топқа былайша бөледі: «Егер мұғалім тек өз ісін ғана сүйе білсе, ол **жақсы мұғалім** болады. Егер мұғалім әке, шеше сияқты тек оқушыны ғана сүйер болса, ол барлық кітаптарды оқыған, бірақ **өз ісін де, оқушыларды да сүймейтін мұғалімге** қарағанда **тәуір мұғалім** болады. Егер мұғалім өз ісіне және оқушыларға деген сүйспеншілігін жүрегінің түбіне терең бойлатқан болса, ол **кемел мұғалім** болады» [9].

Дамыған елдерде ондаған жылдарға созылған салыстырмалы педагогикалық зерттеулерге сүйеніп, адами капиталды өндіріп дамытуда үздіксіз білім беру басқыштарының ішінде шешуші рөлді бала бақшадан бастау алатын жалпы білім беретін орта мектеп атқарады деген түбегейлі қорытынды жасалды. Өйткені университеттер мен институттарда және басқа да арнайы оқу орындарында оқитын студенттердің білімінің сапасы олардың орта мектепте алған білімдерінің сапасына тікелей тәуелді болатыны практикада дәлелденді. Халықаралық деңгейде жүргізілген салыстырмалы педагогикалық зерттеулердің басым

көпшілігі білімі мен біліктілігі жоғары мұғалімдерді даярлау проблемасына, оларға лайық болатын абитуриенттер мен үміткерлерді іріктеу мәселелеріне, мұғалімдердің қоғам өміріндегі статусы мен орнының қандай болу керектігіне арналған. Зерттеулердің көп жылғы нәтижелерін салыстыра келіп: **озық абитуриенттер қатарынан кемел мұғалімдерді даярлау әлеуметтік өмірінің барлық саласын орнықты дамытудың кепілі ретінде әр елдің мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыты болуы керек** деген қорытынды жасалды. Осы орайда Қазақстанның педагог мамандықтарын даярлайтын оқу орындарына түсетін абитуриенттердің осы уақытқа дейін **«қалдық принцип»** бойынша таңдалатынын, ал олардың мектепке барғанда даярлайтын түлектері **«қалдықтардың қалдығы»** болатынын ашық айту парыз. Ал мұндай практика жалғаса беретін болса, онда Елбасы Н.Назарбаевтың да, Қазақстан Республикасының президенті Қ.Тоқаевтың да халыққа арнаған жолдауларында талай рет көрсетілген **«жаңа форматтағы»** кемел мұғалімдерді даярлау туралы нұсқауларын орындауға кедергі келтіретін аса жағымсыз факторға айналады. Сонымен Қазақстанның үздіксіз білім беру жүйесінің алдында шешуін таппаған тағы бір күрделі проблема – **жаңа форматтағы кемел мұғалімдерді даярлау проблемасы** болып отыр. Бұл проблеманы дамыған елдердің қалай шешіп жатқандығы туралы салыстырмалы педагогика саласындағы еңбектерімен көпке танымал отандық ғалым А.Қ.Құсаиновтың «**Качество образования в мире и в Казахстане**», «**Кризис в системе среднего образования: пути выхода**» монографиялары

мен басқа да зерттеу еңбектерінің маңызы айырықша зор [2].

Іргелі салыстырмалы педагогикалық зерттеулерден туындаған ғылыми ұсыныстарды тиімді түрде жүзеге асыру мақсатында көптеген елдер баланың ұлттық бейнесін қалыптастыратын, тілі мен ділін жетілдіретін жалпы білім беретін 12 жылдық орта мектепті таңдап, оның құрылымын **(3+3=6 жылдық толымды бастауыш мектеп) + (3 жылдық кіші орта мектеп) + (3 жылдық толық орта мектеп) = 12 жылдық жалпы білім беретін толымды орта мектеп** түрінде анықтады. Мектеп құрылымын бұлайша анықтау философиялық жалпы ғылыми біртұтас жүйе құру амалдары мен қағидаларына да, сонымен бірге жаһандық және ұлттық құндылықтардың оңтайлы арақатнастығын сақтау талаптарына да сәйкес келеді. «Ана тілі мектебі» аталған толымды бастауыш мектептің алдына аса мәртебелі міндет – «ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілетін» болашақ ел азаматының бойына ұлттық құндылықтарды, әсіресе ұлттың айнасы – сөйлеу тіл мәдениетін қалыптастыру міндеті қойылады. Жаһанның барлық елдері дерлік бастауыш мектептің осы ұлық мәртебесін сақтауды өздерінің ұлттық білім беру саясатының басым бағыттарының бірі ретінде қарастырады. Баланың ана тілін бойына сіңірмей тұрып, басқа тілдерді қосарландырып оқытпайды. Бұл орайда Қазақстан да өз ұстанымдарын сыни бағалап, ізденіс үстінде. Алайда бұл ұстанымдар жоғарыда айтылғандай субъективтік көзқарастарға, яғни «әр галлада бір қиялға» негізделмей, шынайы ғылыми қағидалар мен қорытындыларға негізделуі парыз. Кері жағдайда елдің білім беру жүйесі таусылмайтын «реформалар» мен «жетілдірулерге» ұрынып, орнықты даму жолынан

адасады. Осы орайда Қазақстанның бастауыш мектебінде ерте бастан үш тілді қатар оқыту, ақпараттық технологияның негіздерімен таныстыру сияқты жаһандық құндылықтарды тықпыштау амалдары, немесе жасанды пәндерді енгізіп оқу жүктемелерін арттыру әрекеттері классикалық педагогикалық психологияның **«Баланың ойлау қабілетін баспалдақтап дамыту заңына» және «Оқытудың мәдени, табиғи үйлесімдік принциптеріне»** де, заманауи салыстырмалы педагогикалық зерттеулерден туындайтын шынайы ғылыми қортындыларға да қайшы келеді. Сонымен бірге философиялық жалпығылыми таным теориясының **«Форманың мазмұнға сәйкестік заңының»** өрескел бұзылғандығын да білдіреді. Өйткені балабақша мен бастауыш мектепте берілетін білімнің мазмұны баланың физиологиялық формасына, оның табиғи және мәдени ұлттық болмысына сәйкес анықталуы керек. Ал балабақша табалдырығын енді ғана аттаған жас шәкірттің физиологиялық ерекшелігін ескермей, табиғи ұлттық болмысын қалыптастыруға деген сұраныстарын қанағаттандырмай тұрып, 6-10 жасар балаға үш тілді қатар оқытып, компьютерлік технологиялардың негіздерімен таныстырамыз дейтін талаптар, қазақтың жалпақ тілімен бейнелей айтқанда, «сенің бойыңа (яғни формаңа) алпыстағы атаңның ала шапаны (яғни мазмұны) лайық» дейтін субъективтік озбыр көзқарасқа бой алдыру болып табылады. Бұл пікір **«үш тілдік тұғыр»** ұстанымына қарсылықты білдірмейді, қайта бұл ұстаным негізінде елімізде қалыптасқан функциялық сауатсыздықты жоюды бірінші кезекке қойып, тілдерді үйретудегі басымдықты шет тілдерін оқытуға емес, еліміздің көп этностық ұлттық ерекшелігін

айқындайтын **үш құндылықты**, атап айтқанда: мемлекеттік **«жалпы»** құндылық – **қазақ тілін, «ерекше»** құндылық – **орыс тілін** және **«жекеше»** құндылық – **этнос тілдерін** балалардың бойына сіңіріп оқытуға басымдық беру керек. Содан кейін ғана шетел тілдерін оқытудың ауырлық центрін бастауыш мектепке түсірмей, салыстырмалы педагогикалық зерттеулердің қорытындыларына сәйкес үздіксіз білім беру жүйесінің жоғарғы басқыштарына қарай ығыстыру қажет.

Салыстырмалы педагогикадағы басым бағыттардың бірі – **ұлт мектептерінің орнықты даму проблемасына** арналады. Ұлттық мектеп орнықты дамуы үшін оны анықтайтын негізгі белгілерін білу парыз. Философиялық жалпығылыми жүйелілік амалдарының қағидалары мен ғылыми ұстанымдарына сүйене отырып, үздіксіз білім беретін толымды ұлттық мектептің анықтамасын былайша тұжырымдауға болады: **Ұлттық мектеп деп төрт тұғыры да түгел мектепті, яғни, біріншіден, өз ұлтының тәуелсіз білім беру саясатын жүзеге асыратын, екіншіден, сол ұлттың мемлекеттік байтағында салтанат құратын, үшіншіден, адамзат өркениетінің құндылықтарын туған халқының рухани және мәдени мұраларымен жарасымды жалғастыратын, төртіншіден, ана тілінде тәлім-тәрбие мен білім беретін мектепті айтады** [4]. Бұл белгілер бала бақшадан бастау алып, университетпен аяқталатын елдің үздіксіз білім беру жүйесінің барлық басқыштарында сақталуға тиіс. Кері жағдайда, яғни ұлттық тілде берілетін білім тек бастауыш немесе орта мектеппен, яки жоғарғы оқу орындарындағы жекелеген мамандықтармен ғана шектелетін болса, ондай мектептер Кеңес Одағы

кезіндегі сияқты томаға-тұйық (тупиктік) мектептерге айналып, орнықты даму арнасынан айрылады да, бірте-бірте суалады. Өйткені кең арналы, мол ағысты үздіксіз білім бермейтін томаға-тұйық толымсыз қазақ мектебінен басқа этностар түгілі, қазақтың өзі қашатын болады.

**Мемлекеттік тілде бала бақшадан бастап университетпен аяқталатын сан-салалы бағытта үздіксіз білім беретін біртұтас жүйе - Қазақстанның ұлттық мектебін суалтпайтын мол арнасы болып табылады.** Қазақтың ұлттық мектебі үздіксіз әрі үзіліссіз білім беретін біртұтас жүйе ретінде тек тәуелсіз Қазақстанда ғана салтанат құрып орнықты дами алады. Ал Қазақстандағы басқа этностардың тіліндегі мектептер (мысалы, орыс тілді немесе өзбек тілді мектептер) олардың ұлттық мектептері болып табылмайды, өйткені Ресейдің немесе Өзбекстанның мемлекеттік білім беру саясаттарын емес, Қазақстанның мемлекеттік білім беру саясатын жүзеге асырады. Міне сондықтан кез келген әлем елдеріндегі сияқты, тәуелсіз еліміздің байтағында салтанат құрып, үздіксіз білім мен тәлім-тәрбие беретін **біртұтас қазақ ұлт мектебін дамыту, мемлекет саясатының басым бағыты болуға тиіс.** Субъективтік көзқарастарға ерік беретін басқа бұралаң жолдардың бәрі де «мағынасыз абстракцияға» әкеледі.

Ұлттық мектеп орнықты даму үшін оның сұраныстарын толық қамтамасыз ететін **біртұтас әдістемелік жүйесі** және оған кіретін негізгі бес құраушылары (оқытудың **мақсаты, мазмұны, формасы, әдістері, құралдары**) ғылыми негізде талдамаланып, толымды жасалуы қажет. Алайда Кеңес Одағы кезінде елімізде білімнің барлық салалары бойынша қазақ тілінде үздіксіз әрі үзіліссіз білім беру

жүйесі қалыптаспаған еді. Соған сәйкес біртұтас толымды әдістемелік жүйесі де жасалмаған болатын. Осылайша тарихта бірінші рет **біртұтас қазақ ұлт мектебінің әдістемелік жүйесін ғылыми негізде жасау проблемасы** туындады. Бұл проблеманы шешуде де мемлекет тарапынан кешенді шаралар қабылданды, үздіксіз білім беру жүйесінің барлық басқыштары үшін қазақ және орыс тілдерінде мемлекеттік стандарттар мен бағдарламалар даярланып, отандық төл оқулықтардың алғашқы буындары қалыптасты. Біртұтас ұлттық мектепті дамытудың әдістемелік жүйесінің төрт құраушысына (оқытудың **мақсатына, мазмұнына, әдістеріне, құралдарына**) байланысты жетілдіру жұмыстары жыл өткен сайын жалғасын тауып, жаңа сапалық деңгейге бірте-бірте көтеріле беретін болады. Ал мектепті дамытудың әдістемелік жүйесінің бесінші құрамдас бөлігі – оқытудың **формасына** келетін болсақ, оны **түбегейлі өзгерту проблемасы** туындады.

Қазақстанның білім беру кеңістігінің шаңырағын асқақтата түсетін, әрі орнықты дамуын қамтамасыз ететін аса маңызды қоғамдық талаптардың бірі - оқытудың дәстүрлі **сыныптық (топтық) формасын** оқытудың **ұжымдық формасымен** ауыстыру болып отыр. Мұндай талап Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті әрі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында [10] **білімнің салтанат құруы** бағытына арнаған бөлімінде: «Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық...» - деп, қоғамды ұлы өзгерістерге бастайтын келелі ойларынан да туындайды. Осыған орай «үйренген тозағын қимайдыға» салып, дәурені өтіп бара жатқан дәстүрлі

сыныптық-сабақтық оқыту формасына жармаса бермей, қарқынды оқытудың ұжымдық формасын оқу-тәрбие үдерісіне батыл енгізу қамына кірісуіміз қажет. Жылдам өзгермелі қоғамның өскелең сұраныстарына жауап беретін мұндай талаптың өткен ғасырдан бастап өткір қойыла бастағаны белгілі. Адамзат қоғамы үшінші мыңжылдыққа аяқ басқаннан кейін оқытудың дәстүрлі формасын оның жаңа ұжымдық формасымен ауыстыру **білім берудің жаңа парадигмасының көкейкесті проблемасына** айналды. Оның көкейкестілігін дәстүрлі оқыту формасын өте қатты сынаған жасампаз ұстаз, әрі жаңаша ойлайтын мектеп басшысы, социалистік еңбек ері, КСРО педагогика ғылымдары Академиясының корреспондент-мүшесі Василий Александрович Сухомлинскийдің (1918-1970) мына сөзінен анық аңғаруға болады: **«Страшная это опасность – безделье за партией; безделье шесть часов ежедневно, безделье месяцы и годы. Это развращает, морально калечит человека...»** [11]. («Партаға байланған әрекетсіздік – бұл қорқынышты қатер; күн сайын алты сағаттық әрекетсіздік, айлар мен жылдар бойы әректсіз күн кешу. Бұл адамды аздырады, жанын жаралайды...»). Осы орайда елімізде оқу-тәрбие үдерісін ұжымдық формада ұйымдастырудың алғашқы практикалық қадамдарын жасаған жасампаз тұлғалар жайында айта кету парыз. Ондай бірегей тұлғалар Қазақ автономиялық республикасының тұңғыш Оқу-ағарту халық комиссары, әрі қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бастауы болатын **«Академиялық орталықты»** бұдан 100 жыл бұрын ашып (23-қазан 1921 ж.), оған бірінші басшы болған Ахмет Байтұрсынов (1873-1937)



бастаған отандық ұлт зиялылары болатын [12].

#### НӘТИЖЕЛЕРІ

Оқу үдерісін «субъектті-объекттік» ұстаным негізінде ұйымдастырудың **сыныптық-сабақтық жайбарақат (экстенсивті) оқыту формасынан** оның «субъектті-субъекттік» ұстанымды басшылыққа алатын **қарқынды (интенсивті) ұжымдық оқыту формасына көшіру** – бұл қоғам мен өркениеттің тарихи даму заңдылығынан туындаған уақыт талабы. Адамзат тарихының бірінші мыңжылдығында **оқытудың жұптық формасының** салтанат құрғаны, ал екінші мыңжылдықта **оқытудың топтық-сыныптық** формасының салтанат құрғаны сияқты үшінші мыңжылдықта **оқытудың ұжымдық формасы** салтанат құратын болады. Міне сондықтан дәстүрлі оқыту формасынан оқытудың ұжымдық формасына бірте-бірте өту үрдісі отандық білім беру кеңістігін дамытудың **стратегиялық бағытын** анықтайды. Оқытудың ұжымдық формасына көше отырып, отандық білім беру жүйесін дамыту көптеген проблемалық мәселелерді оңтайлы шешуге, солардың ішінде елімізде орын алып отырған **функциялық сауатсыздықты** түбегейлі жоюға әкеледі. Өйткені, оқытудың ұжымдық формасы, бір жағынан, оқу-тәрбие үдерісіндегі бар жауапкершілікті дәстүрлі оқыту формасында-ғыдай, тек мұғалімге ғана артып қоймайды, белсенді **субъекттер қатарына оқушылар мен ата-аналарды да қосып**, ата-анаға баланың бал тілін оның табиғи және мәдени болмысына сай келетін өзінің ана тілінде қалыптастыруды, ал оқушыларға бірін-бірі оқытып, білімдерімен бөлісуді міндеттейді. Міне сондықтан **отбасы + балабақша**

**+ бастауыш мектеп** жүйесіне де, ата-аналарға да баланың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру міндетін қатаң жүктейді, сөйтіп әлемелдеріндегі сияқты бұл жүйеге жаһандық құндылықтардың салмағын түсірмеу керектігін ескертеді. Екінші жағынан, ұжымдық оқытуда қолданылатын **негізгі әдістемелік тәсіл – жұптық оқыту тәсілі** болғандықтан, оқытудың жаңа формасы оқу-тәрбие үдерісіне қатысы бар субъекттердің бәрін де (мұғалімдерді, оқушыларды, ата-аналарды т.б.) мектепте де, үйде де, аулада да қатарлас жастағы немесе әр жастағы тұлғалар арасында ауыспалы **«оқушы ↔ ұстаз»** жұптастығы негізінде «бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» қызмет жасауға, бірін-бірі оқытуға, яғни белсенді тілдік-коммуникативтік байланыс жасауға жетелейді. Осылайша тілдерді қолданысқа келтіретін әлеуметтік орта пайда болады. Сөйтіп оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың **негізгі әдістемелік тәсілі** ретінде **жұптық оқыту тәсілін** кеңінен қолдану екі жақты **«қазақ ↔ орыс», «этнос ↔ қазақ»** және **«этнос ↔ орыс»** билингвизмін (қостілділік мәдениетін) қарқынды дамытуға әкеледі.

Функциялық сауатсыздықтан арылуды ғылыми негіздеу мақсатында жоғарыда көрсетілген таным теориясының жалпы ғылыми Заңын басшылыққа алып, **қазақ тілін** – мемлекеттік **«жалпы»** құндылық, **орыс тілін** – **«ерекше»** құндылық, ал **өзге этностардың тілдерін** – **«жекеше»** құндылық ретінде олардың жүйелілік біртұтастығы мен өзара байланысын түпкілікті сақтауды **Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру саясатының стратегиялық бағыты** деп жариялау керек. Тілдерді оқытып үйретуге қатысты бұндай стратегиялық бағыт, **біріншіден**, еліміздің ата Заңы – Конституцияға, **екіншіден**,

ұлтымыздың ұлы ұстазы Абайдың 25-қарасөзінде орыс тілінің мәнділігіне байланысты жазып қалдырған өсиетіне беріктігіміздің кепілі болады да, Қазақстанның мемлекеттік білім беру саясатының **өзіндік ерекшелігін** бүкіл әлемге паш етеді. *Үшіншіден*, саяси-идеологиялық ауытқалар мен сарсаңдардан құтқарады, қоғамның бірлігін сақтайды; этносаралық іртікі салып, бесінші колонна құруды армандайтын жымысқы әрекеттердің жолын кеседі. *Төртіншіден*, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан этностарының бастарын қазақтардың кең дастарханының айналасында алқа-қотан біріктіріп отырған саясатына да зор қолдау болып табылады. *Бесіншіден*, үш тұғырлы құндылық ретінде қазақ ↔ орыс ↔ этнос тілдері арасындағы билингвизмді дамыту **қазақ ұлт мектебіне деген сұранысты арттырып, әрі қолданыс аясын кеңітіп, оны бүкіл Қазақстан Республикасының ұлттық мектебі деңгейіне көтереді.** Алтыншыдан, Қазақстан Республикасының ұлттық мектебі кирилица мен латиницаны қатар қолданатын мектеп ретінде ерекшеленіп, Евразиялық кеңістіктің бірлігін сақтауға жетелейді. Жетіншіден, Евразия кеңістігіндегі өзге түрік халықтарына кирилица мен латиницаны қатар қолданудың үлгісін көрсетеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасы міне осындай жасампаз мемлекеттік білім беру саясатын жүзеге асырумен қатар, еліміздің әр азаматының функциялық сауатсыздығын санасына тез жеткізетін жауапкершілік шаралар жүйесін де анықтауы қажет. Мұндай жауапкершілік шаралар жүйесінде екі жақты **«қазақ ↔ орыс»** қостілділігін еркін меңгермеген бірде бір азамат, тек президенттік қызметке ғана емес, мемлекеттік жүйенің барлық деңгейлеріндегі жауапты лауазымдарға ие болмайтындығы «тайға таңба басқандай» жазылуға тиіс. Осыған орай **«қазақ ↔ орыс»** қостілділігін еркін меңгерген азаматтар мен азаматшаларды Қазақстан этностарының арасынан іріктеп даярлай отырып, оларды әр деңгейдегі мемлекеттік және басқа да әлеуметтік қызметке жаппай тарту арқылы функциялық сауатсыздықты жеделдетіп жоюға болады. Өйткені, функциялық сауатсыздықтың негізгі көрсеткішін мемлекеттік тілді білмеушілер құрайды. Мемлекеттік тілді еркін меңгермеген қазақты барлық деңгейдегі мемлекеттік қызметтерге жолатпаса, ал басқа этностардың өкілдері олардың орнында қазақша сайрай бастаса, функциялық сауатсыздықтан жедел құтылудың бұдан артық технологиясы да, әдіс-тәсілдері де табылмайды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Башарұлы Р. *Методология развития поликультурного образования в Казахстане. Монография.* – Алматы. НИЦ «Ғылым». 2002. - 236.
2. Кусаинов А. К. *Качество образования в мире и в Казахстане. Монография.* - Алматы, 2013. – 196. *Кризис в системе среднего образования: пути выхода.* - Алматы, 2013.
3. Лихачев Б. Т. *Реформаторство в российском образовании: проекты и результаты // Педагогика.* -1996, №6. – с. 18-24.
4. Башарұлы Р. 1. XIX ғасырдағы отандық ағартушылар. 2. XIX ғасырдағы педагогика классиктерінің өмірі және шығармашылық еңбектері. //Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10 томдық. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. 5-том: XIX ғасырдағы педагогика классик-

терінің тәлім-тәрбие туралы ой пікірлері / Жетекшісі – Р. Башарұлы. – 400 бет.

5. Василев А. В. //Киргизский букварь. Казань. 1912.

6. Нәрібаев. К. Назар аударатын үш мәселе. // Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының ғылыми есебі. - Алматы, НИЦ «Ғылым». 2000.

7. Тангян С. А. «Новая» неграмотность в развитых странах. Советская педагогика, 1990. №1, с. 3-18.

8. Разумовский В. Г. Государственный стандарт образования супердержавы мира к 2000 году. //Педагогика №3, 1993. 92 с.

9. Педагогическое учение Льва Толстого – Википедия/ru.wikipedia.org wiki.

10. Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. / Егемен Қазақстан, 12-сәуір, 2017.

11. Сухомлинский В. А. Избранные педагогические сочинения : в 3 т. / – М. : Педагогика, 1979.

12. Башарұлы Р. Қазақстанда алғаш ашылған «Академиялық орталық» туралы бірер сөз //Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы: тарих тағылымы мен жаңа заман үндесуі /Бас ред. Ж. О. Жылбаев. – Астана: - 2014. – 392 бет, 179 сурет.

*Р. БАШАРУЛЫ*

**СТРАТЕГИЧЕСКИЕ НАПРАВЛЕНИЯ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ  
НАЦИОНАЛЬНОЙ ШКОЛЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

*профессор, КазНПУ им. Абая, г.Алматы*

*E-mail: r.basharuly@gmail.com*

*R. BASHARULY*

**STRATEGIC DIRECTIONS FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF  
NATIONAL SCHOOL OF KAZAKHSTAN**

*Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty*

*E-mail: r.basharuly@gmail.com*

**Аннотация.** В статье рассматриваются проблемы казахской национальной школы, научно-методологические основы их решения и стратегические направления её устойчивого развития.

**Ключевые слова:** национальная школа, научная методология, сравнительная педагогика, устойчивое развитие, методическая система, коллективная форма обучения

**Abstract.** The article examines the problems of the Kazakh national school, the scientific and methodological foundations for their solution and the strategic directions of its sustainable development.

**Keywords:** national school, scientific and methodological foundations, comparative pedagogy, sustainable development, methodical system, collective form of education

ГРНТИ 14.09.95

**А.Е. АГМАНОВА<sup>1</sup>, Е.П. ГАРАНИНА<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>доктор филологических наук, профессор,  
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева  
г.Нур-Султан, Казахстан

<sup>2</sup>Магистр русского языка и литературы,  
Павлодарский педагогический университет, г.Павлодар, Казахстан  
E-mail: agmanova@mail.ru, kate1917@mail.ru

## АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ: ПЕРВЫЕ МЕЖДУНАРОДНЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ЧТЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

4) reimbursement of expenses for home schooling of children with disabilities under the individual education plan in the manner and amount determined by the decision of the local representative bodies.

Schoolgymnasium №67 provides inclusive education for students with disabilities. There are all conditions for the movement of such students. This has a huge impact on the overall development of students in a large community.

Our school is equipped with modern computers, digital multimedia and other resources. There is also a speech therapist's office. They use interactive whiteboards and electronic textbooks in teaching individual subjects. That is, students have the opportunity to work creatively, to expand their worldview. This is the organization of collective and group work, as well as the creation of an environment of cooperation.

In conclusion, inclusion is recognized as a developed, humanistic and effective education system that provides education not only to children with special educational needs, but also to healthy children. School is not only an educational activity, but also a key area of a child's life. They form a personality by respecting the individuality and uniqueness of each of them and accepting them into a larger team environment. In addition, students learn to work in a team, to interact with each other, to solve various problems creatively with the help of the teacher. It is safe to say that inclusive education expands the personal potential of all children and helps to develop such qualities as kindness, tolerance and willingness to help. Inclusive education is a new system, so teachers and students have one common goal - to work for accessible and quality education.

Nowadays, every student is an individual, so a conscious upbringing, quality education is a requirement of life. In the context of inclusive education, the educational process should be based on the principles of differential and individual language, based on the data of psychological, medical and pedagogical examinations. Rooms for social pedagogues should be specially equipped.

## REFERENCES

1. Saniya Bektengaliyeva «School of Kazakhstan» №9 September 2015 [ P.35]
2. Saniya Bektengaliyeva Kazakhstan school »№6 2015 September [P.6]
3. “Education in the context of the development of inclusive education received from the advanced training course on «Content of the environment» data, October 2019
4. LA Sainova «News in Education» №4, 2016 [pages 4-12]
5. Хухлаева О. В. Psychological services at school. - М., 2008.

Ж.К.ДЮСЕМБИНА<sup>1</sup>, ЖЕҢІС БАҚЖІБЕК<sup>2</sup>

**ОРТА МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ МҮГЕДЕКТІЛІК БАЛАЛАРЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДАҒЫ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР**

<sup>1</sup>Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

E-mail: zdyusembina@mail.ru

<sup>2</sup>№67 мектеп гимназиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

E-mail: zh.bahjibek@bk.ru

Ж. К.ДЮСЕМБИНА<sup>1</sup>, ЖЕҢІС БАҚЖІБЕК<sup>2</sup>

**ОСНОВНЫЕ ФАКТОРЫ, КОТОРЫЕ НЕОБХОДИМО УЧИТЫВАТЬ ПРИ РАБОТЕ С ДЕТЬМИ-ИНВАЛИДАМИ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ**

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,

Нур-Султан, Казахстан

E-mail: zdyusembina@mail.ru

<sup>2</sup>Школа-гимназия №67, г. Нур-Султан, Казахстан

E-mail: zh.bahjibek@bk.ru

**Аңдатпа.** Біздің елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларды, әсіресе, ақыл-ой кемістігі бар балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу – өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Кез келген қоғамда даму дәрежесі қаншалықты жоғары болғанына қарамастан, әлеуметтік қиындықтар болып тұрады. Осындай себептердің салдарынан қазіргі кезде әлеуметтік көмекке мұқтаж болып отырған мүмкіндігі шектеулі балалар күннен-күнге көбеюде. Сол себептен қазіргі уақытта психофизикалық ауытқулары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу, оларды әлеуметтік ортаға бейімдеу күрделі әлеуметтік-педагогикалық мәселе екені сөзсіз.

**Түйін сөздер:** мүмкіндігі шектеулі балалар, әлеуметтік бейімдеу, әлеуметтік-тұрмыстық бағдар, ақыл-ойы кемістігі бар балалар.

**Аннотация.** Одной из главных проблем в нашем государстве является адаптация умственно отсталых детей к социальной среде. В любом социуме, не смотря на уровень развития, есть трудности. Поэтому количество нуждающихся в социальной защите лиц, в особенности детей с ограниченными возможностями, постепенно идет к увеличению. В связи с этим обучение и воспитание детей с психофизиологическими отклонениями, адаптация их в социальную среду являются одной из социально-педагогических проблем.

**Ключевые слова:** дети с ограниченными возможностями, социальная адаптация, социально-бытовая ориентировка, умственно отсталые дети.

FTAMP 14.35.07

**Ж.Е. ИМАНКУЛОВА<sup>1</sup>, А.К. АУБАКИРОВА<sup>2</sup>**<sup>1</sup>Павлодар педагогикалық университеті,

Павлодар қ., Қазақстан. E-mail: zhanara78\_78@mail.ru

<sup>2</sup>Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан. E-mail: altyn\_kenzhegара@mail.ru

## Р.ТОҚТАРОВТЫҢ ОБРАЗ ЖАСАУ ШЕБЕРЛІГІ («АБАЙДЫҢ ЖҰМБАҒЫ» РОМАНЫ НЕГІЗІНДЕ)

**Аңдатпа.** Әдебиеттану ғылымында соңғы жылдары қазақ романдары туралы зерттеулер де көп емес, бірақ біз қазақ әдебиетіндегі романның дамып, жетілуін байқаймыз, сондықтан роман жанрындағы ерекшеліктерді зерттеу маңызды. Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап роман жанрына арналған бірқатар зерттеулер, оның ішінде тарихи романдар туралы ғылыми еңбектер жарық көрді және көпшілікке жарияланды. Соңғы жылдары роман жанрының қазақ әдебиетіндегі аспектілері мен поэтикасы және жеке авторлардың шығармаларындағы романдарды талдау бағыты жолға қойылды. Мақалада Рамазан Тоқтаровтың шеберлігі талданады. Жазушының образ жасау шеберлігі, сөз саптау ерекшелігі мақала нысаны болған. Жазушы романдарының өн бойынан терең суреткерлік қана көрінбейді, өзі өмір сүрген қоғам, адам, заман, адам психологиясына талдау жасауы, терең білімділігі айқын көрінеді.

**Түйін сөздер:** роман, бейне, сюжет, хамса, этнография, образ.

### КІРІСПЕ

Рамазан Тоқтаров – бүгінде есімі оқырман жұртшылыққа кеңінен таныс қаламгер. Жазушы шығармалары дені табиғат пен адам арасындағы күрделі қарым-қатынасқа құрылған. Сол арқылы жер тарихы мен ел тарихының ажырамастай байланысы бейнеленеді. Табиғат аясындағы адамдар болмысының қат-қабат жан қалтарысы, сезімі мен арманы, мақсаты мен мұраты танытылады. Жазушы шығармалары – өмірдің өзінен алынып, айналадағы күнде көріп жүрген құбылыстар өзіндік құнарлы да қарапайым тілімен әлеуметтік деңгейге дейін көтерілген шыншыл туындылар болғандықтан да оқырманын қызық-

тырады. Қаламгердің жинақы жазылған әңгіме, повестерін талдай отырып, адам өмірі, табиғи тазалық, адамгершілік, қазақы мінез, қоғамдық өзгерістер шынайы суреттелгенін байқаймыз. Рамазан Тоқтаровтың шығармашылық жаңалығы, өзіндік үні, әлем әдебиетімен иық тірестіре алатын келбетімен өлшенеді. Рамазан Тоқтаровтың «Бақыт», «Ертіс мұхитқа құяды», «Тұлпардың сыны», «Жердің үлгісі», «Ғасыр наны», «Сусамыр», «Таңбалы жарғақтың құпиясы», «Жендет», «Бақытты құлдықтың ақыры» романдары көпшілікке танымал. Оның романдарының өн бойынан терең суреткерлік қана көрмейміз, өзі өмір сүрген қоғам, адам, заман,

адам психологиясына талдау жасауды, терең білімді танымыз. Жазушы шығармаларының биік белесі – қалың оқырман жүрегіне жол тапқан «Абай жұмбағы» роман-хамсасы.

### ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Рамазан Тоқтаровтың шығармаларындағы образ жасау шеберлігі, терең суреткерлік танымын қарастыру.

«Абайдың жұмбағы» роман-хамсасының көркемдік деңгейі биік. Осы романның көркемдік стилінің басқа романдарға қарағанда әлдеқайда көш ілгері болуы себептері де жоқ емес. Біріншіден, жазушы бұл романын өмірінің соңғы кезеңінде жазды, екіншіден, шығармашылық шеберлігі шыңдалған тұсымен сәйкес келеді, үшіншіден, қаламгер көп ізденіп, тарих қойнауын көп атқарғандықтан да еңбегі ақталған. Қазақ халқының тұрмыс-салты, санасы, тарихы мен этнографиясы, тарихта шын болған оқиғаларға тарихи деректер арқылы көз жеткізгендігі ерекше байқалады. Осы орайда мына пікір ойға оралады: «Әдебиетші тек қаламмен жазбайтыны, сөзбен сурет салатынын өзі түсінуі керек! Және ол да живописьтің шебері сияқтанып адамды қимылсыз суреттемейді, тынымсыз қозғалыс, ұдайы әрекет, өзара қақтығыс үстінде, таптардың, топтардың, жекелеген адамдардың күресі жағдайында суреттеуге тырысады. Ал әлемде қарсылық көрмейтін қозғалыс жоқ» [1, 317 б].

### НӘТИЖЕЛЕРІ

Рамазан Тоқтаров шығармашылығының көркемдік және ғылыми қарымы кең аса өзекті бір арнасы «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы. Роман-хамсасындағы дәстүр жалғас-

тығы мен тарихи шындық және көркемдік шешім, сонымен қоса романның поэтикасын ашып талдау бүгінгі күн міндеті. Р.Тоқтаров романдарының поэтикасын, соның ішінде жанрлық табиғатын, олардың тарихи және әдеби негіздерін бірлікте қарастыру қазақ әдебиетіндегі роман жанрының сипатын аша түспек.

Үкімет комиссиясының шешімімен Рамазан Тоқтаровқа данышпан Абайдың жүрек сырын зерделеген, сол арқылы әдебиетті нұрландырған және оның уақыты мен ортасын байытқан «Абайдың жұмбағы» романы үшін Мемлекеттік сыйлық берілді. Роман-хамсаны қарастыра отырып, оның эпикалық тынысын, жазушы ретіндегі шеберлігін, өзіндік стилін айқындайтын күшін айқын байқаймыз. Осы туралы негізгі басылымдарда ғылыми еңбектер мен мақалалар жарық көрді.

**МАҚСАТ-МІНДЕТІ:** Рамазан Тоқтаровтың шығармаларындағы образ жасау шеберлігі, терең суреткерлік танымын қарастыру

Рамазан Тоқтаров ұлттық зияткерлік романистиканың негізін салушылардың бірі болды, қазақ жазушылары арасында әлемдік әдебиет үрдістерінің алғашқы легін терең және шебер меңгерді деп нық сеніммен айтуға болады. Қоғам қандай болмасын, бірақ уақыт қалай өзгерсе де, заман желі қалай соғар болса да, Р. Тоқтаров шығармашылығының тақырыбы адам болды. Біздің Р. Тоқтаровтың стиліне ғана тән нәзік ерекшелікті атап өткіміз келеді. Мысалы, кеңестік заман талабына сай жазылған қомақты шығармалар сериясында кейіпкердің ішкі рухы, оның іс-әрекетінде басынан өткерген сезімі, басты кейіпкердің бораннан маңыраған қой мен кісінеген жылқыларды құтқару үшін күрескен кездегі арпалысуы мен тау-тау көмірін

қазып алған кезде сезімдерді суреттеп, автор дауыл астында қалып қояр еді. Бірақ Рамазан Тоқтаров үстемдік құрған кеңестік идеологияның малайы болып қалмады, жазушы жалтақтығын танытатын шығармалар жазбайды. Автор мәңгі көнермейтін тақырыпты таңдады. Ал шынайы әдебиет мұраты мәңгілікке қалады. Оның мәңгілік тақырыбы – адам, адамның жаны, мәні.

Стиль туралы М.Қаратаев: «Стиль – атаулы құбылыс, бір заматта қалыптаспайды және бір қалыпта қатып-семіп қалмайды, ол бірте-бірте даму процесінде жетілетін құбылыс. Осылай деп білсек, қазақ әдебиетінде стиль дамуының тарихын танытатынын көреміз. Стиль талантты да, тәжірибелі жазушының табысы десек, дара стиль мен стильдік ағымдардың көбеюі – кемелденген көп жанрлы әдебиеттің табысы» [2, 10 б].

Жазушы стилі, әрқайсысының өзіне тән мектебі, халық әдебиетін танып-білуі, бойына сіңіруі, жазушы-ақындар шығармаларын білу, зерттеу, олардан үйрену арқылы қалыптасады десек, қателеспеспіз. Қазақ әдебиетінің өсіп-өркендеу жолына қарап отырсақ та, жеке жазушылар шығармаларына зер салсақ та, көңіл аударатын ортақ жайт – бір жазушының бірнеше роман, повесть, әңгімелерінде қайталанып отыратын, басқаларға ұқсамайтын өзіне ғана тән ерекшелік байқалады. Демек бұл – жазушының стилін танудағы шешуші жағдай.

Р.Тоқтаров романдарының стиліне тән бір ерекшелік – теңеулердің молынан кездесуі. «– Енді сен, «қашпаған қашардың уызынан дәмметкендей» күту мен күнімізді өткізуіміз керек пе?, – деді Науан дүңк етіп» [3, 1 б], «Теке көз, шеке тамыры білеудей боп адырайған, жанына пышақ жанып алғандай мыжырайған жылтыр қараны

ешкім де бір округтың аға сұлтаны деп ойламастай» [3, 59 б], – деп Құсбекті суреттей келе, Алшынбайды «Қарға аунаған түлкідейсің ғой» [3, 59 б], – деп түлкіге теңейді.

«Жер ортасы Көктөбеге келгенде қатыны өліп, өзі белі шойырылып отырып қалмағанда әлі де тоқтамай, «үріп ішіп, шайқап төгіп» жүре Бере еді, бүгінде қанаты қайырылған құс секілді, ел ішінде Қодар атынан гөрі құл-құтан аты көбірек шығып жүр» [3, 68 б], – деп Қодардың батырлығы мен ұрлығын ажырата алмаған халық оның батырлығын біле тұра жабылған жалаға сенерін де сенбесін де білмеген күйін осылай суреттейді. Шоқан Достоевскийді ертіп, Ахмет-Риза медіресесіне барғандағы әсері былай суреттеледі: «Бұларды мешіттің даладай кең ауласына кіре бергендерінде бар баланы соңынан ертіп әңгіме-дүкен құрып жүрген ақ киімді, зор денелі хазыреттің өзі тосып алды» [3, 196 б]. Мешіттің ауласын «далаға» теңейді. «Бойы шарғы болғанмен, айпара төс, иықты, Басыкөнектей, Қасқайып қақ төрде отырған кездегі сұсы мен жас шамасы – батыр тұлғалы, өзінен мүшелге жуық үлкен Базаралымен үйлес» [3, 251 б], – деп қызып сөйлегенде даусы көкке өрлеп, саңқылдап шығатын Абай ділмарлығын жазушы шебер сомдайды. Мұндай мысалдарды Р.Тоқтаров романдарының өн бойынан жиі кездестіруге болады. Жоғарыдағы теңеулер жазушының айтпақ болған ойымен ұштасып, қабысып жатады.

М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының стильдік бірлігі де композициялық тұтастығымен сабақтас. Бірақ стильдік бірлік стильдік біркелкілік емес. «Дұрысында ол барлық элементтер мен компоненттерді бірлестіріп, әрбір характердің осы тұстағы нақты күшін айқын білу болып

табылады. Ендеше он үш жастағы бала Абай мен қырықжастағы ақын Абайдың, елуден асқан ойшыл Абайдың айнала дүниеге көзқарасы, өмір құбылысын сезінуі, сөйлеу машығы біркелкі болуы тіптен мүмкін емес» [4, 215 б]. Бұл ретте М.Әуезов жомарт суреткерге тән стиль орамдылығын тауып, халықтың тілінен көркем бояу, сарын, құрал байлығының қазынасын ашты.

Әдебиеттің бірден-бір өзіндік құрылымы және көркемдіктің де басты белгісі – тіл екені белгілі. Ал «Абай жолының» тіл байлығы мен сөз қолдану шеберлігі бөлек. Ол – қазақ халқының сөйлеу тілі мен фольклор, жазба әдебиеттің сөздік қорын мол қамтып бойына сіңірген. Сол себепті бұл шығарманы сөз байлығы жағынан қазақ тілінің қымбат қазынасы дей аламыз. Бұрын көп оқырманға белгісіз сөздер М.Әуезов романы арқылы қазақтың әдеби тілінен заңды орын алып, кең пайдаланылып келеді. Сонымен қатар, бастапқы мағынасынан ажырап, көнерген сөздер де М.Әуезовтің қолданылуында жаңа мағынаға ие болып, жаңғырып шыққан. Мұның бәрі М.Әуезов тілінің сөздік, лексикондық жағы. Ал, бірақ жазушының тіл шеберлігі оның лексикон байлығымен ғана өлшенбейді, сол байлықты жазушының шығармада пайдалану шеберлігімен өлшенеді. Романның тілі жатық, көркем, әрі шешен. Бұл оның поэтикалық ерекшелігі болып табылады.

Біздің қаламы төселген прозаиктеріміздің бәрінің де өзіне тән қалыптасқан стилі бар. М.Әуезов стилін алсақ, мұндағы интонация әрдайым оқиғаның желісіне қарай екпінін өзгертіп отырады. Оқиға шиеленіссе, ол да шиыршық атады, оқиға жайылып, ағысын баяулатса, мамырлайды. М.Әуезов тілінің бояуы көп, бірақ оны жазушы сараң қолданады, үнемдеп,

қажетіне ғана жұмсайды. Онда орынсыз лепіру, сезімсіз шарықтау, әдемі, әсем тіл үшін әдейі тырысушылық жоқ. Жазушының бай тілі тек картина жасау үшін қызмет етеді. Сондықтан ол түрін, түсін жағдайға қарай құлпыртып отырады. «Абай жолы» романының стилі жөнінде Румын сыншысы Еуген Марианна: «Жазушыда анық қалыптасқан күшті драмалық қасиет бар» – дейді. Аталған қаламгерлердің шығармаларында әсіресе диалог сипаты әр арнада көрінеді. Диалог арқылы кейіпкер мінезін іштен ашып, алдымызға жайып салса, енді бірде диалог арқылы қаламгерлер оқиғажелісін ширата, ширықтыра түседі.

Поэтика негізінен көркем шығарманың құрылысы және оның бейнелеуіш, көркемдегіш құралдарының эстетикалық жүйесі. А.Потебня: «Тіл – адамдардың қатынас құралы, көркемдік-эстетикалық құбылыс болғанымен, ол құрамдас үш бөліктен тұрады: сыртқы түр, ішкі түр, мағына. Сыртқы түр – сөздің дыбыстық, үндік жамылғышы, ішкі пішін – сөздің ең жақын этимологиялық мәні, мағына – оның жалпы мазмұны» [5, 226]; деп анықтама береді. Филолог Г.О.Винокур: «Тіл қарым-қатынас құралы болумен қатар, ол күрделене келе поэтикалық сапаға ауысады» [6, 16 б]; дейді. Сонымен поэтиканың негізгі қарастыратын нысаны – жазушының, не ақынның көркем шығармасындағы идеялық концепциясы мен оның шығармашылық лабораториясында пайдаланған әдіс-тәсілдерінің жүйесі, диалектикалық бірлігі мен байланысы болып табылады. Ал В.Жирмунский поэтиканың ауқымын өте кең ала отырып былай анықтама береді: «... шын мәнінде көркем шығарманың құрылымында барлық амал-тәсілдер

бір-біріне ықпал етіп, бір көркемдік мақсатқа бағындырылады. Поэтикалық шығармада осы тәсілдердің бірлігін біз «стиль» дейміз» [7, 35 б]. Поэтиканың негізгі компоненті стиль туралы В.В.Виноградов: «Поэтикаға стиль деген ұғымның енгізілуімен, осы ғылымның басты ерекшелігі: материал, тәсіл, стиль толыққанды деп ұғынуға болады» [8, 166 б], - дей келе, ғалым көркем шығарманың поэтикасын тіл біліміне де, әдебиет теориясына да қатысты екенін айтып, олардың ара жігін айқындайды.

Қазақ әдебиетіндегі поэтика мен стиль мәселелеріне байланысты Р.Нұрғали: «...әдеби ұғымдағы стиль ең алдымен, эстетикалық категория... Стиль жазушының авторлық мұратымен, эстетикалық идеалымен жанды түрде байланысып жатыр. Өйткені, көркемдік процесте механикалық сипат жоқ» дейді [9, 207 б]. Ал, профессор М.Хамзин: «... стиль дегеніміз – өмірдегі таңдап алынған белгілі бір құбылысты, белгілі бір жайтты оқырманға ұсынарда қаламгердің тек өзіне ғана тән жазу машығы, жазу мәнері, ол сол жазушының ақыл-ой, сана, дүниетанымымен тығыз байланысты болып келеді дегеніміз де дұрыс сияқты» [10, 20 б], - деп түйіндейді.

Р.Тоқтаров туындыларының ортақ сипаты, ортақ көркемдік ерекшелігі – жазушы шығармаларының асқақ гуманистік пафосқа, астарлы романтикалық сарынға құрылатындығында, яғни өмір көшін, адам тағдырын әрдайым жетілдіріп отыруында.

«Абайдың жұмбағындағы» әр ұлт өкілдерінің сұхбаттасу рәсімін суреттейтін шақтарында Л.Толстой, М.Әуезов сәтті пайдаланған әдіс ағымын қазақша жеткізе отырып,

кейбір сөздерді орысша қалпында алу арқылы диалогтағы басқа стиль стихиясын неғұрлым дәл бедерлеу талабы жүзеге асқан. Пішін жағынан осы тұрғыда қызықты эпизод бар. Сәби Абай «ол ештеңені түсінбейді» деп ойлайтын үлкендердің өзара тілдесуін анасы жанында тоты құс тәрізді айнақатесіз қайталайды. Мәселен, Бөжей мен Майбасар әңгімесі осы жолмен аңғартылады. Репликалар тырнақ ішінде тұрады. Бөжейді «Бөжікем» деп құрметтейтін Майбасар лебізінде тарихи нақтылық бар болса керек. М.Әуезов ол екеуі арасындағы құрдастық, достық қатынастарды жоққа шығармайды. Бөжей де «Әй, Бозым-ай, Бозым-ай! Мен екі сөйлемеймін ғой, білесің ғой!» деп, қазақ ғұрып-салтындағы сыйластық жоралғыдан аттамайды. Майбасар айыптыдай. Кешірім сұрайтын ыңғайда. Бөжей оны алданған адам есебінде қабылдайды. Этномәдени дәстүр сілемдері айқын диалогта аты аталмағанмен, әңгіме Құнанбайға қатысты екенін аңғару қиын емес. Психологиялық нанымды деталь түріндегі, көркемдік мекен шақ тұрғысынан сәл кешігіп айналымға енетін диалог Бөжей жайлы белгілі тұжырымдаманы мансұқ етпегенмен, Майбасарға қатысты оның аралық жағдайда жүрген әрі айбынды ағасы ықпалынан шыға алмаған, сол үшін күйінетіндей дағдарысты хал-ахуалын бейнелеу міндетін орындайды.

Р.Тоқтаров Шыңғыс төре мен Құнанбай арасындағы әңгімені одан соң үшінші жақтық тұлғада баяндай келіп, авторлық мәтін бойынша Петербордағы музейді аралағандағы Шоқан әкесінің көңіл-күйі қос үнді сөз формасына көшеді де, соңына қарай бірінші жақтық тұлғаға оралып, қайтадан репликалар алмасуына

ойысады:

- Астапыралла! – деді Құнанбай.

- Бұл ненің басы деппін мен сасқанымнан.

- Танымай тұрсыз ба? – деді бас уәзір бір езуімен қасқырша жымып. – Адамның басы емес пе?

- Адамның? – дейді сол арада таңырқауы шегіне жеткен Шыңғыс.

- Мұндай сәулетті жерге адамның басын да қоясыңдар ма?

- Қоямыз, - деді бас уәзір қайқы мұртын кезек ширата күліп. – Егер ол ұлы орыс мемлекетіне қарсы шыққан дикардың басы болса.

- Орыстың дұшпаны көп. Оның бәріне бірдей орын шақ келе бере ме?

- Неге бәріне бірдей? Тек соның ішіндегі әсіресе күшке тиген зұлымның!

- Айтайын ба?

- Айтыңыз, - дейді ойына бөтен ештеңе алмай тұрған Шыңғыс. Кімнің бас сүйегі екен бұл сонда?... [3, 124-125 б].

Сөз желісі қазақ даласының жолбарыс жүректі Кенесары Қасымов туралы. Ақ патша бас уәзірі қазақ сұлтанын қаламен таныстырғанда жоғарыдағы тәуелсіздік мотивімен байланысты эпизодта қыр халқының үнсіз қанаудағы бодандық жағдайының ауыртпалығы ұлттық намыс тұтататын мағына сипатымен өрнектеледі. Бас уәзір сөзі мен қимыл, пішінінде алыстағы сахара жұртын сескендіру, қорқытуға негізделген отаршылдық саясаттың қатігез де қитұрқы табы жатыр. Ол ниет орындалып та отыр. Әдептен озған, астамсынуы мол жазалаушы әрекет өзі де жұмсақ мінезділердің қатарына жатпайтын Құнанбайды қайран қалдырады. Диалог жалғасында Шыңғыстың Кенесарыға қатысты уәзір тарапынан айыптауды тыңдап, күтпеген жауыздықтан шіміркеніп, жаныжараланған сәті,

психофизиологиялық тұрғыдан сенімді күйзеліс, толқуы қамтылған. Әдемілік пен мейірімсіздіктің қарама-қарсылығы жалпы адамзат табиғатындағы күрделі қайшылық архетипін бейнелейді. Бұл көрініс Шыңғыс сұлтан үшін сана астарына ұялап қалатын көлеңкелі, аса жағымсыз құбылысқа айнылғаны хақ.

Қазіргі қазақ прозасы романдарында да көркем әдебиеттегі классикалық үрдістерді шығармашылықпен дамыта жалғастыру үрдісі байқалады. Жазушы Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасындағы тарихи тұлғалардың (Кенесары, Құнанбай, Абай, Шоқан) көркем бейне тұғырында сомдалуындағы поэтикалық ерекшеліктер саралан көрінеді. Роман-хамса композициясындағы тарихилықтың нақты көрінісі – қазақ тарихындағы атақты қайраткерлер тағдырларының нысанаға айналуы. Әсіресе, күрделі тағдырлы Кенесары ханды көркем бейне тұлғасында даралауға, мінездеуге қаламгердің өзіндік шешіммен қарағанын байқаймыз. Роман-хамсаның «Толғақ» және «Жұлдыз құрбандық» деп аталатын бірінші, екінші кітаптарында Кенесары хан бастаған ұлттық-азаттық көтерілісшілерінің қазақ даласынан көрші түркі халықтарына (Қырғызстан, Шығыс Түркістан) қарай ығысуы кезеңі қамтылған. Қазіргі тәуелсіз Қазақстанның жаңаша жазылған тарих ғылымының зерттеулерінде Ресей империясының отарлық саясатына ашық қарсы болған бұл күрес «1837-1847 ж.ж. Кенесары ханның басшылығымен болған көтеріліс» [11, 225-231 бб] атауымен шынайы бағалануда. XX ғасырдың 40-50 жылдары тарихшы – ғалым Е.Бекмахановтың арнайы зерттеулерінде тарихи-ғылыми-теориялық тұрғыда негізделген бұл тарихи кезең шындығының қазақ



әдебиетіндегі көркем шығармалар арқылы бейнеленгені де мәлім. М.О.Әуезовтің «Хан Кене» тарихи трагедиясы, І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының үшінші кітабы «Қаһар» романы қазақ тарихындағы осы ұлттық-азаттық қозғалысын көркем шындықпен жазудың шығармашылық жолын қалыптастырды.

Диалог құрылымы әлқиссалық мазмұнымен ерекшеленеді. Өйткені мұнда өткен іс баяндалады. Көркемдік мекеншақ (хронотоп) ыңғайымен қарағанда өткен уақыт пен қазіргі мезет жарыса астарласып отырады. Орыс мемлекеті өкілінің жеке мекеншағы қазақ даласындағы аласапыран соғыс жылдарымен ұштасады. Ол Құнанбай қажы мен Шыңғыс төреге таныс заман. Шыңғыс үшін Петербургтағы уақыт пен кеңістік суреттері әрі салтанатты, әрі үрейлі әсерімен есте қалған. Әңгімені айтушы уақыты Шыңғыс төңірегінде бедер сызады. Ол автор – баяндаушы уақытының аясында өрістейді. Репликалардың бірінде Шыңғыс осы сәтке табан тіреп сөйлесе, басқа бір тұста ілгерідегі уақыттың осы заматы орайында тілдеседі. Айырмашылық бар. Әр түрлі мекеншақ шекаралары тұтасып кетіп отырады.

Суреткердің көркемдеу құралы, көріктеу мүмкіншілігі орасан мол. Бірақ жазушы бұларды бет алды баттастыра бермейді, тек орнымен қолданады. Драматургияда қаламы төселген М.Әуезовтің романдағы диалогы да шағын; жұмыр, тұжырымды. Ол әрі оқиға желісін шиыршық аттырып, шығарманың динамикасын күшейтеді, әрі адам характерлерінің қырларын ашуға тікелей қызмет етеді.

Роман-хамсаның сюжеттік желісінен, суреттелетін оқиғалар арнасынан қаламгерлік ізденістердің терең иірімдерін, яғни суреткерлік

шеберліктің қайталанбас айшықтарын анық аңғарамыз. Мысалы, аға сұлтан Құнанбай шаңырағындағы қым-қуат көрініс. Осы арнадағы көп қатпарлы оқиғалар ағысы, әйелдер ішкі жан дүниесіндегі булығып жатқан сезім толқындары. Кейіпкердің жан аңсары, көңіл қалауы роман-хамсада авторлық баяндау, ой ағыны, ішкі монолог арқылы терең, ағысты бейнеленген тұста жазушының шынайы суреткерлік шеберлігі тайға таңба басқандай танылады. Сюжет – өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі. Көркем шығармадағы сюжет өмірлік тартыс, конфликт, кейіпкерлер қарым-қатынасындағы қақтығыстарды қамтиды. Қақтығыстар адамдар арасында ғана емес, көзқарастар мен ой-сана қайшылықтары да болуы мүмкін. Бұл әр түрлі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени қайшылықтардың күресі, таласы үстінде көрініп, кейіпкерлер іс-әрекеті, мінез-құлқы арқылы бағаланып, көркем шығарманың сюжеті арқылы бедерленеді.

М.Горький сюжет туралы: «Адамдардың өзара қарым-қатынасы, байланысы, қайшылықтары, жек көру, жақсы көру, әр алуан мінездің өсу, жасалу жолы» [12, 215 б], - деген еді. Көркем шығармадағы сюжет – адамдардың қарым-қатынасы ғана емес, бір-бірімен байланысы, оқиғаның дамуы мен образдардың өсу тарихы да. Эпикалық жанрларда адам әр алуан қатынасқа түсіп, тартыс, күрес үстінде олардың мінез-құлқы ашылады.

Р.Тоқтаровтың роман-хамсасындағы көзге түсетін, көңілге ұялайтын айрықша жайттар символикалық және романтикалық сипаттардың берік жымдасып, табиғи кіріге түсуі. Ол кейіпкердің мінезіне көп көңіл бөлген. Ол кейіпкерінің мінез бітімінде ешқандай қасиет көрсетпесе де,

көзіндегі ұшқыны арқылы бүкіл құндылығын көруге болады. Бұл жайтты досы Михаэлисті, Шоқанды, ағасы Құдайбердінің мінезін берудегі тәсілден байқаймыз. Көркем шығармада адам бейнесін мүсіндеудің жолдары көп екені аян. Адам бейнесін айқындайтын көркемдік компоненттердің бірі – портрет. «Портрет әр адамның өзіндік сипатын, өзара бітімін танытуға да елеулі қызмет етеді. Сонымен қатар, портрет – адам характерінің негізгі өзгешелігін де білдіріп отыратын шығармадағы көркемдік компонент. Жазушы ойының түпкі қазығы, кейіпкерге деген оның негізгі көзқарасы, суреткерлік позициясы осы портрет арқылы да жобаланып жатады» [3, 260 б]

Жазушы Абай мен Михаэлис арасындағы қарым-қатынасқа ерекше мән берген. Романда кездесетін Абайдың ұстаздарының бірі осы Михаэлис туралы ғалым Ж.Бісмағұлов: «Дүниеге көзімді ашқан Михаэлис», деп Абайдың өзі мойындаған бұл кісінің ақынға деген шынайы достық ықыласы мен білімдарлық іждаһаты романда мейлінше сыпайы, ізеттілікпен өте тартымды суреттеледі» [13, 5 б]. «Абайдың жұмбағы» романының оқиғалық арнасы мезгіл жағынан да, кеңістік жағынан да осынша кең болғанымен, жазушы деректің ықпалында кетпейді, өмірдің мол оқиғасын барынша сығымдап суреттейді. Сөйте тұра әр тарихи оқиғалардың мәнін, оның бағасын бірде өзі толғап, бірде кейіпкер сөзімен беріп отырады. Кенесары мен Шыңғыс төре, Саққұлақ шешеннің, Мәшһүр Жүсіптің шығармадан өзін көргендей әсерде боламыз. Бұл орайда өмір құбылысын суреттеуден, талдау мен бағалаудың эмоциялық мазмұнынан гөрі рационалдық жүйе, сезім сырынан гөрі ақыл тезі басым түседі. Рамазан

Тоқтаровтың шығармасының «Абай жолы» туындысынан айырмашылығы осында.

«Әр жазушының өз қолтаңбасы, жазу машығы, тәсілі бар. Кейбірі оқиғаны тізбектей баяндаса, кейбірі оқиғаның шұрайлысын алдыңғыы кезекке шығарады. Шығарманың тілі мен оның көркемдік сапасын екі бөліп қарауға болмайды. Шұрайлы тілі жоқ жерден шынайы көркемдікті іздеу бос әурешілік» [14, 48 б]. Осы тұрғыдан, яғни шығармаға ең қажетті көркемдік биіктік, құнарлы тіл өлшемімен келсек Рамазан Тоқтаров шығармаларының сол кезеңдегі қазақ прозасында алған орны төмен, әдебиетке қосқан үлесі аз деп ешкім айта алмайды. Абай бейнесін сомдау мақсатында М.Әуезовтен бастау алған терең, құнарлы көркемдік тәжірибе кейінгі толқын қаламгерлердің шығармашылығында қайта жанданды, қайта жаңғырды, әлі де дами береріне сеніміміз мол.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Қаламға сыр төккен осындай салмақты да сазды, астары қалың, «сырты күміс, іші алтын» дүниелерді ұлттық әдебиеттің қазынасына сый еткен Рамазан Тоқтаровтың оқырманына айтары, өмірге көзқарасы, өзіндік дүниетанымы дерлік сол көркем дүниелері арқылы анық аңғарылады. Жазушы шығармасының ерекшелігі – Абайдың рухани жан дүниесінде ғарыш сарындарының орын алуы. Абай «қызылшақа нәресте әлі қырқынан да шықпай, жөргекте ораулы жатып, екі көзін тоқтатып, шаңырақтан айырмайтын әдет тауып еді. Онда да түндікті жауып қойса, не өзі жатқан жерінен босағадағы жүктің үстіне апарып тастаса, қыңқылдап жылай бастайды. Орнына әкеліп жатқызса, қыңқылдауын қойып, бетіне ұйықтап

жатып та сәби күлкісін үйіруден бір тынбайды» [3, 63 б].

Тарихи өткен дәстүр шындығын, тарихи тұлға мінезін қазіргі заман тұрғысынан тану мен бағалау жазушының эстетикалық нысанасын ғана емес, шығарманың концепциясын да нақтылайды, соның негізінде тарихи тұлға бейнесін жасаудағы көркемдік жаңа жетістіктерге алып келеді. Сөйтіп, тарихи өткен заманшындығы мен тарихи тұлға өмірін суреттеудегі тарихилық принцип, суреттеудің эстетикалық нысанасы және жазушының концепциясы өзара байланысты болып, көркемдік күрделі

тұтастыққа айналады. Бұл процесс Рамазан Тоқтаровтың шығармасында жанр табиғатына сәйкес түрлі сипатта жүзеге асқан. Шығармадағы желісі үзілмей көзге түсіп отыратын тағы бір ерекшелік – тарихи деректерді, тарих көздерін шығарма арқауына молынан кіргізгендігі болып табылады.

Жазушының шығармашылық қиялының, көркемдік концепциясының мұндай мәнінде оның биік суреткерлік нысанасы бары да анық. Жазушының суреткерлік нысанасын ашуға қызмет еткен көркемдік факторлар алуан түрлі. Жоғарыдағы айтқандарымыз соның бір көрінісі.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Горький М. *Әдебиет туралы*. – Алматы: Жазушы, 1984. – 540с
2. Қаратаев М. *Стиль зерттеу принциптері. Стиль сыры*. – Алматы: Жазушы, 1974. – 380 б.
3. Тоқтаров Р. *Абайдың жұмбағы. Роман-хамса*. – Алматы.: Әл-Фараби, 1999. – 752 б.
4. Шалабаев Б. *Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы*. – Алматы: Мектеп, 1983. – 192 б.
5. Потебня А. *Теоретическая поэтика*. – М.: Высшая школа, 1990. – 342с.
6. Винокур Г.О. *Филологические исследования*. – М.: Наука, 1990. – 447 с.
7. Жирмунский В.М. *Теория литературы. Поэтика. Стилистика*. – Ленинград: Наука, 1977. – 404с.
8. Виноградов В.В. *Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика*. – М.: АН СССР, 1963. – 380с.
9. Нұрғали Р. *Телағыс. Әдеби дәстүр мен әдеби даму*. – Алматы: Жазушы, 1986. – 368 б.
10. Хамзин М. *Қазіргі қазақ романы*. – Қарағанды: ҚарМУ, 2001. – 197 б.
11. Әлімбаев М. *Ойы озғанның өзі озар // Алматы ақшамы. 1999 1 қыркүйек*
12. Горький М. *Собрание сочинений в тридцати томах. т 27*. – М.: – 215с.
13. Ысмағұлов Ж. *Соңғы жүк // Егемен Қазақстан. 2005, 5 ақпан*.
14. Тұрысбек Р. *Жазушы еңбегі және шығармашылық*. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 228 б.

Ж.Е. ИМАНКУЛОВА<sup>1</sup>, А.К. АУБАКИРОВА<sup>2</sup>

#### ИМИДЖЕВОЕ МАСТЕРСТВО Р. ТОКТАРОВА (ПО РОМАНУ «ТАЙНА АБАЯ»)

<sup>1</sup>Павлодарский педагогический университет,

г. Павлодар, Казахстан. E-mail: zhanara78\_78@mail.ru

<sup>2</sup>Национальная академия образования им.И.Алтынсарина,

г.Нур-Султан, Казахстан. E-mail: altyn\_kenzhegара@mail.ru

J.E. IMANKULOVA<sup>1</sup>, A.K. AUBAKIROVA<sup>2</sup>

#### R. TOKTAROV'S IMAGE-MAKING SKILLS (BASED ON THE NOVEL «ABAI'S MYSTERY»)

<sup>1</sup>Pavlodar Pedagogical University,

Pavlodar, Kazakhstan. E-mail: zhanara78\_78@mail.ru

<sup>2</sup>National Academy of Education named after I. Altynsarin,

Nur-Sultan, Kazakhstan. E-mail: altyn\_kenzhegara@mail.ru

**Аннотация.** В литературоведении в последние годы немного исследований о казахских романах, но мы наблюдаем развитие и зрелость романа в казахской литературе, поэтому важно изучить особенности жанра романа. С 90-х годов прошлого века был опубликован и обнародован ряд исследований, посвященных жанру романа, в том числе научные труды по историческим романам. В последние годы налажено направление анализа романов в произведениях отдельных авторов, поэтики и аспектов жанра романа в казахской литературе. В статье анализируется мастерство Рамазана Тохтарова. Предметом статьи стало умение писателя создавать образы, особенности словообразования. Для романов автора характерно не только глубокое искусство, но и анализ общества, человека, времени, психологии человека, в котором он жил, его глубокие познания.

**Ключевые слова:** роман, видео, сюжет, хамса, этнография, образ.

**Abstract.** In recent years, there hasn't been a lot of research on kazakh novels in literary studies, but we observe the development and maturity of the novel in kazakh literature, so it is important to study the features of the novel genre. Since the 90s of the last century, a number of studies on the genre of the novel, including scientific works on historical novels, have been published. In recent years, the direction of analysis of novels in the works of individual authors, poetics and aspects of the novel genre in kazakh literature has been established. The article analyzes the skill of Ramazan Tokhtarov. The subject of the article is the writer's ability to create images, especially word formation. The author's novels are characterized not only by deep art, but also by the psychology of the person the analysis of society, man, time, in which he lived, his deep knowledge.

**Key words:** novel, video, plot, hamsa, ethnography, image.

**А.Б. МУКАШЕВА<sup>1</sup>, А.О. САПАРЖАНОВА<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: seko\_2000@mail.ru, alua95\_95@bk.ru

## ХОРЕОГРАФИЯ ӨНЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ

**Аңдатпа.** Бұл жұмыста хореографиялық оқу орындарындағы білім алушылармен психолог маманының психологиялық жұмыс жасау сипаттамасы негізінде хореография саласындағы балаларды психологиялық тұрғыдан дамыту мәселелері қарастырылады. Мақалада хореографиялық оқу орындарында білім алатын балаларды дамытатын психологиялық жұмыстың прогрессивті, инновациялық нұсқалары, балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар маңызды міндеттер мен әдістемелік тәсілдер баяндалған. Хореографиялық оқу орындарында білім алатын балалардың психоэмоционалдық және психофизиологиялық жағдайлары мен аса зор қабілеттеріне назар аударылған. Балет өнерінің шыдамдылықты талап ететін қиын және қызықты өнер екенін көруге болады. Балет өнерінің адамдардың рухани өмірінде ерекше болмысқа ие.

**Түйін сөздер:** хореография, балет, А.В.Селезнев атындағы Алматы Хореографиялық училищесі, би өнері, балет әртісі.

### КІРІСПЕ

«Әлемдік дағдарыстарға қарамастан Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында еліміздің күрделі қиындықтарға ұрынбай, межелеген мақсаттарына қол жеткізіп келуде. Өнердің мақсаты – дүниені, адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеру. «Би халық өнерінен туындайды», - деп Шара Жиенқұлова апамыз бекер айтпаған болар. Қазақтың халық билері әлемдік сахнаға шығып отыр. Би әлемі – биік өнер. Бидің құрылымынан, болмысынан ұлттық қасиет көрініс табады. Балет өнері – адамдардың рухани өмірінде ерекше орын алады. Балет шыдамдылықты талап ететін қиын және қызықты өнер. «Өнер дегеніміз не?» десе, оны әдемілік

деген екен. Әдемілікті әр халық өз ерекшелігіне қарай қабылдап, өзіне тән ұғымдарыменен бағалайды. Ұлы ойшыл, энциклопедист ғалым, ақын Әбу Насыр Әл-Фарабидің мынадай сөзі бар: «Өнердің теориясын меңгеру дегеніміз - өнерге қатысты мәселелерді ақыл арқылы ұғыну және талғам қабілетін игеру».

«Өнер – өнегелі, ақылды адамдарды тәрбиелейтін құрал» - деп кеңес педагогы В.А.Сухомлинский айтып кеткендей, тәрбие үрдісінде өнерге аса көңіл аудару қажеттілігін атап көрсеткен болатын. Сол өнердің бірі – би өнері. Би бір сәттік қана, билеу кезінде ғана өмір сүретін уақытша, өткінші ғана алдамшы сезім емес.

## ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Би өнерін шығармашылықтың ең сүйкімді түріне теңеп жатады жұрт. Себебі, би қимылдары нәзіктіктен құралған. Ал, сол нәзіктікті тек балетті бағындырған балериналар ғана жеткізе алады. «Балет» сөзінің өзі латын тілінен аударғанда «билеймін» деген мағынаны береді екен. Демек билеймін деген нағыз биші ғана балерина бола алады. Бұл оймен бәріңіз де келісетін боларсыздар?! Ендеше, тарихқа үңілсек... Алғаш Италияда тұрмыс-салтты көрсететін би түрлері іріктеліп, жүйеге түсіп, сахналық заңдылыққа бағындырыла бастады. Той-думанда орындалатын халық билері жаңа мәнерлі, әсем өрнекті, бір идеяны ұқтыруға, ойды айтуға меңзеген би қойылымдарына арқау болды. Ал Францияда балет белгілі сюжеттер, аңыздар негізінде құрылған. Сөйтіп, балет өнердің басқа түрлерімен тығыз байланыста дамыды. Қазақ балеті әуелде драматикалық, опералық спектакльдер ішіндегі би көріністері ретінде қалыптаса бастады. 1938 жылы қазақ музыка театрында қазақтың тұңғыш балеті «Қалқаман-Мамыр» қойылды. Осылайша қазақ жерінде балет өнері өмірге келді. Балет өнерін балеринасыз елестету мүмкін емес. Олардың еңбегі орасан зор. Аяғының ұшымен ғана билеп, көрерменге нәзіктік сыйлайтын, сахнада орындау мәнерімен биді сөйлете білетін жандар нағыз тума талант иелері.

Бисөзсізтекбишініңденеқимылымен, бет-әлпетімен әңгімелейді. Әңгімені би тілімен жүргізу үшін бишінің ерекше табиғи қасиеті, дарындалығы болуы қажет және бұл өнер түрін көптеген жылдар бойы арнайы мектептер мен жоғары оқу орындарында оқуы қажет.

Қазақстандағы өнер түрлері де ерте кезде-ақ пайда болып, адамның жан азығына, рухани байлығына айналған. Адамдар өмір сүре бастағаннан-ақ өнердің алғашқы нышаны қалыптасқан. Сондықтан да қазақ өнерін әлем өнерінің құрамдас бөлігі ретінде оқып-тануға міндеттіміз.

## НӘТИЖЕЛЕРІ

Өнер халықтың өмірін жай сәулелендіріп қана қоймай, ойын жетілдіреді, шығармашылығын дамытады. Өйткені өнер – әсемдіктің ең жоғарғы түрі. Өнер түрлерінің өзіне тән типтендіру тәсілі бар. Шын суреткер сол тәсілді шебер қолданады. Өмірді, шындықты шынайы көрсетуге тырысады. Өнердің барлық түрлері, ең алдымен қоғам өмірінің материалдық жағдайымен анықталады. Оның мазмұны қоғамдағы белгілі бір таптың түрлі жағдайына, ал жалпы танымдық сипаты ұлттық мазмұнға байланысты болады. Халықтың өнері үнемі өзгеріп, дамып отырады. Соған байланысты әр ұлттың өнерінде өзіндік белгілері, қасиеттері болады. Әрбір ұрпақ өзіне дейінгі жасалған өнерді одан әрі дамытып отыруы заңдылық. Өркениетті қоғамда әрбір білімді азаматтың қандай да бір салаға мамандануы және белгілі бір кәсіпті меңгеруі қажет. Оған қоса, эстетикалық талғамын үнемі дамытып, өнердің барлық саласынан да хабардар болуы, бүкіл қоғамның салауаттылығына, мәдени дәрежесіне игі әсер етеді. 1937 жылы музыка мектебі балет білімінің ұстазы А.А. Александровтың орнына Александр Владимирович Селезнев (1906-1961) келеді. Ол балеттің жетекші орындаушысы әрі музыкалық-хореографиялық мектептің классикалық би бөлімінің мұғалімі болды. Болашақта үміт күттіретін, дарынды балаларды оқыту А.Селезневті

қызықтырғаны соншалық, ол 1939 жылы сахнаны мүлдем тастап өмірінің соңына дейін бүкіл өзінің білімін, тәжірибесі мен еңбегін, би өнеріне деген махабаттын хореографиялық училищенің жұмысына арнап, жиырма жылдан астам оның оқытушысы әрі көркемдік жетекшісі болды. Оның бастамасымен 1938 жылдың тамызында музыка мектебінің балет бөлімі бөлек оқу орны – хореографиялық училище болып шаңырақ көтереді. Оқу жүйесінің негізіне тоғыз жылдық оқуға негізделген Ленинград хореографиялық училищесінің бағдарламасы алынды. Қазіргі күні ол оқу орны А.В.Селезнев атындағы Алматы Хореографиялық Училищесі болып жұмыс атқаруда.

Алматы Хореография Училищесі – кәсіпқой орындаушыларды бала жасынан дайындайтын арнайы оқу орны. Бәсекеге қабілетті туған тілін, елін, жерін сүйетін, өз ойын еркін жеткізе алатын құзыретті тұлға тәрбиелеу – қазіргі заман талабы. Біз баланы жас талға ұқсататынымыз рас. Талды мезгілінде суарып, түбін қопсытып, артық бұтақтарын кесіп отырсаң, баптап өсірсең, ол түзу, мәуелі ағашқа айналады. Жемісін көрсетеді. Ал қараусыз қалған, өз бетімен кеткен талдан қандай түзу ағаш өссін?! Сол сияқты балаларда қандай тәрбие, білім, өнер, өнеге алады, балалық шағы қалай өтеді, соған байланысты келешегі қалыптасады. Өскелең ұрпаққа өнеге болар өнер жолы қиын да қызықты. В.А.Сухомлинский білім беру жолында мынадай пікір ұсынған: «Тек қана ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін», сондықтан жас жеткіншектерге би өнері арқылы тәрбие мен эстетикалық талғамы биік тәрбие беру

өнерлі қарлығаштарды ұшыру...

Хореография және балет әлемі-бұл дене, қозғалыс, дыбыс, жарық, жарқын және кейде ерекше костюмдерге толы әлем. Бір сөзбен айтқанда – сиқырлы өнер әлемі. Ол әр түрлі жанрдағы билерді орындаудың көркемдік дағдыларын ғана емес, сонымен қатар балалардың физикалық дамуына және олардың рухани байытуына ықпал етеді.

Би өнері – ақиқат пен жалғандықты көрсететін, парасаттылық негізін қалайтын, өмірді сүйеге баулитын падиша өнер. Биді тұла бойы тұнған сұлулық поэзиясы десек, оның оралымдарын, тұңғиық терең сезімін жұртшылық жүрегіне сол қалпында жеткізіп бере білу де үлкен жауапкершілік. Қай кезде болмасын, балет бишілерін оқытып, тәрбиелеу аса жоғары жауапкершілікті талап етеді. Өйткені, балетке барғысы келген адам ширақ та шыдамды, жігерлі де жинақы болуы керек.

Басқа мамандықтарға қарағанда, балеттің әртісі маманы азамат (жеке тұлға) ретінде ерте қалыптасады. Өйткені, өзі оқыған білім ордасында мамандықтың барлық қыр-сырларын біліп шығуына үлесін тигізуі шарт. Балет әртісінің оқу бітірген соң жұмыс істеп, тәжірибе жинауға уақыты бола бермейтіні барлығымызға анық. Мысалы, медицина қызметкерлері, басқа өнер адамдары оқудан кейін көп жыл тәжірибе жинақтауына, аса мүмкіншілік уақытын кетірсе, балет әртісі жастайынан алған білімі мен тәжірибесін ұштастырып өз біліктілігінің арттыруына әрдайым жолы ашық және айқын болмақ.

Сахнада балет әртісіне қойылатын талап та өте жоғары. Балет әртісі ол бірден сахнаға шыға алмайды. Үлкен іріктеуден өтіп қана сахна

төріне беттейді. Мұндай іріктеу басқа мамандықтарда жоқ. Сахнаға шығуы үшін әртісте бір жағынан өз ісіне деген адалдық, сүйіспеншілік, өнерді бағалайтын қасиет, ұстамдылық керек болса, екінші жағынан жұмысына шыдамдылық, төзімділік қажет. Сол сияқты онда керек кезінде қызбалық сияқты психологиялық мінез-құлық та болғаны жөн. Бір сөзбен айтқанда, ол нағыз шығармашылық ортаның адамы болып қалыптасуы тиіс. «Қазақстан Республикасының Халық әртісі, белгілі балетмейстер, әлемдік балет жұлдызы Болат Аюханов: «Би – бұл өзіңнің бүкіл көп қырлы мазмұндылығымен де игі» деп өте жақсы айтқан. ХХІ ғасыр мәдениеттің, өнердің, ғылым мен ақыл-ой бәсекесінің ғасыры демекші, еліміздегі білім мен өнер ордасының ошағына айналатына сенеміз. Кез келген кәсіби қызмет сияқты балет әртістің жеке тұлғасына, оның психикалық қызметінің даму деңгейіне белгілі бір талаптар қояды. Балет әртісінің белсенді қимыл-қозғалыс қызметі сезім сияқты психикалық функциялардың толыққанды дамуын талап етеді. «Әсіресе, адамның орындаушылық қызметінде үлкен маңызға ие», деп жазады А.И.Севастьянов. Кинестетикалық сезімдер, мысалы, бұлшық еттер, буындар, байламдар мен сүйектерде салынған, сондай-ақ кеңістікте денені жылжыту нәтижесінде пайда болатын жүйке ұштарының тітіркенуінен туындайды және организмді орындаушының үйлестірілген және күрделі қимыл актілерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Балет әртісі қызметінде есту, тактильді, статикалық, көру сияқты сезім түрлері маңызды екені анық. Қандай да бір психикалық функцияның дамуы олардың сапалы

жағдайын білдіреді. Әрбір сау адам психикалық функциялардың белгілі бір жиынтығына ие, бірақ олардың көріну дәрежесі айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін, осылайша әрбір тұлғаның жеке психикалық ерекшеліктерін туғызуы мүмкін. Сезіммен болған жағдайда, біз сезімнің абсолюттікшегі – күшіндегі ең аз тітіркену сияқты сапалық сипаттамалар туралы айта аламыз, ол әрең көзге көрінетін сезім тудырады, оң немесе теріс бейімделу – сезім органдарын оларға әсер ететін тітіркендіргіштерге бейімдеу. Тағы да балет әртісі қызметінде қабылдау мен назарды дамытудың жоғары деңгейі маңызды болып табылады. Бұл функциялардың жоғары белсенділігі кезінде кейбір адамдарда шығармашылық байқау қалыптасуы мүмкін, оның сипатты «заттар мен құбылыстарда көрінбейтін, бірақ объектінің немесе құбылыстың аса маңызды, типтік белгілерін байқай білу қабілеті» болып табылады. Шығармашылық тұлға қоршаған шындық құбылыстарын бейнелеуде көрінеді. Шығармашылық адам үшін бейнелі жады деп аталатын «бұрын қабылданған объектілерді бейнелеуде және кейіннен қайта құрастыруда» ең маңызды. Эмоциялар мен сезімдерді есте сақтау, ойнату және тану болып табылатын эмоциялық жады өте маңызды.

Кез келген шығармашылық мамандық үшін сезімталдық пен эмоционалды маңызды. Эмоциялар мен сезімдердің өзіндік ерекшелігі жеке қасиеттерімен, тұлғаның бағыттылығымен, оның уәждерімен, ұмтылыстарымен, ниеттерімен, жеке психикалық қасиеттерімен, мысалы, мінезімен және эмоциялық-ерік компоненттерімен анықталады. Эмоциялар мен сезімдер адам тек уайымдап қана қоймай, олар мимика, пантомимика, интонация



және вегето-тамыр көріністері түрінде сыртқы «дене» безендіруі де бар. Балетте, өнердегі сияқты адамның шығармашылық ойлау қабілеті өте маңызды. Сонымен балетті қою процесінде барлық орындаушылардың үлкен жұмысы оймен ұштасады. Балет артисі көркем суреттермен жұмыс істеуге тура келеді. Олардың қалыптасуы мен жүзеге асырылуы қиялға жатады. Осылайша, балет артистінің жұмысында сахнада адамның барлық танымдық қабілеттері іске қосылған. Сонымен қатар, адам мінезінің белгілері мен оның темпераменті де айтарлықтай әсер етеді. Шығармашылық кәсіп үшін, балет әртісі жұмысында ашықтық, Достық, шыдамдылық, жауапкершілік, дербестік, белсенділік, бастамашылық сияқты қасиеттер маңызды. Бұл тізім толық емес, бірақ жалпы ол шығармашылық кәсіби қызметтің ерекшелігін көрсетеді.

Балет өнеріне оқытатын оқу орнында бала сыртқы және ішкі жағынан толық өзгереді. Олардың қалыптасу процесі өте ұзақ болғандықтан, ол тәртіптілікті, еңбексүйгіштікті және шыдамдылықты талап етеді, ал бұл балеттік сыныпта ғана емес, сонымен қатар болашақта өмірде өте көмектеседі сипатты қасиеттер. Сонымен қатар автоматты түрде жауапкершілік сезімі пайда болады: сабаққа кешікпей, жұптың жанында тұрған адамды алып тастауға болмайды, оқымауға, орындамауға, аяқтамауға болмайды. Балаларда «шынтақ» сезімі, жалпы іс үшін жауапкершілік сезімі дамиды. «Мүмкін емес, қалаймын, болмаймын» деген сөздер жоқ, «бәрін тез, анық және жақсы істеу» деген сөздер жоқ! Сіз фуэте кезінде тоқтауға құқыңыз жоқ, егер өзіңізді нашар сезінсеңіз, Сен сахнадан кетуге құқың жоқ, егер сізде аяқ жарақаты болса... Балет балада өзекшені тәрбиелейді,

қиындықтарға назар аудармауға үйретеді және оларды жеңуге үйретеді. Және бұл қасиеттер ересек өмірде өте пайдалы!

Егер биге әлеуметтік психология тұрғысынан қарайтын болсақ, би адам туралы, оның жеке ерекшеліктері туралы, оның сыртқы әлеммен өзара іс-қимылы туралы маңызды және құнды ақпаратты сақтайды. Адамның жеке ерекшеліктері, ең алдымен, орындау мәнерінде, биді билеуінде байқалады. Ақпараттың бұл керемет көлемі бейсаналық деңгейде қабылданады және бағаланады. Мысалы, би бастапқы сипаттамалары бойынша қозғалмалы, қызықты, динамикалық және керемет қиял болуы мүмкін.

Педагогика және психология ғылымдарының зерттеулеріне сүйене отырып адамның өсуі мен дамуы биологиялық, табиғи-климаттық, әлеуметтік факторлармен шартталған деген тұжырым жасаймыз. Балалардың өсуі мен дамуы үздіксіз жүріп отырады, бірақ өсу және даму жылдамдығы сәйкес келе бермейді. Егер бір жас кезеңінде өсу басымдық танытса, ал келесі бір жас кезеңдерінде даму алда жүреді. Хореография пәнінің оқытушылары мұны алдын-ала білу маңызды. Себебі балалардың өсу және даму кезеңдерінің ерекшеліктерін пайдалана отырып оқыту және тәрбиелеу үдерісін жетілдіру мүмкіндіктері мол болып табылады. Білім беру ұйымдарында хореографиямен айналысуға мүмкіндік мол. Себебі, бала миының құрылымы мен қызметінің қалыптасуы ересек адамның көрсеткіштеріне жақын болады. Жас ерекшелік психологиясының қазіргі кезеңдегі мәліметтері 9-10 жастағы баланың миы жүйелі оқыту үдерісінде қолжетімді мәліметті меңгеруге әзір екендігін көрсетеді. Дегенмен, бір жастағы

балалардың дамуындағы дербес ерекшеліктерге байланысты мидың даму екіпіннің орташа көрсеткіштерінен азды-көпті ауытқушылықтар болуы мүмкін, яғни басып озу немесе артта қалу. Сонымен қатар жыныстық ерекшеліктерді де есепке алу керек. Физиологиялық тұрғыдан жастарының бірдей болуына қарамастан ер балалар қыз балалардан орта есеппен алғанда бір-бір жарым жылға артта қалып жүреді. Би қойылымын жүзеге асырғанда аталған жайтты назарда ұстау қажет.

Балаға балғын кезеңнен бастап әсемдікке ұмтылу тән нәрсе. Эмиль Жак Далькроз «музыка және бидің көмегімен балалар қоршаған дүниені және өзін-өзі тануға үйренеді, өзінің жаңа шығармашылық қабілеттерін ашады, зейінін, ерік қасиеттерін және тіл табыстығыштығын дамытады» деп тұжырымдаған. Шынында, өнердің тәрбиелік ықпалы зор екендігі ғылыммен дәлелденіп отыр.

Балаларды би өнеріне тартудың негізгі факторларын атап өтейік:

- жұлынды түзету және дене сымбатын жақсарту.
- жүрек қан-тамыр жүйесін, бұлшықеттерді нығайту.
- дененің қимыл-қозғалыс үйлесімділігін, ептілігін жетілдіру.
- кеңістікте бағдарлану дағдыларын қалыптастыру.
- екіпін және ырғақ сезімін дамыту.
- шығармашылық ойлау және қиялды қалыптастыру.
- қимылдарды орындау бірізділігін есте қалдыруды дамыту.
- актерлік шеберлікке машықтандыру.
- өзіне-өзі сенімділікті қалыптастыру.

Сабақ барысында баланы музыканың сүйемелдеуімен пластика

арқылы музыкалық шығарманың характерін көрсете алуға үйрету – бимен жұмыс жасаудың негізгі бағыты болып табылады. Балалар билегенді ұнататыны белгілі. Би арқылы олар қимыл-қозғалысқа деген табиғи қажеттілікті қанағаттандырады. Бидің ырғақты, мәнерлі қимылдары арқылы балалардың сезімдері, ойлары, көңіл-күйі, мінез-құлқы көрініс табады. Биге ене отырып әрбір сабақтың маңыздылығын ұғына білу қажет. Би – бұл синтетикалық өнер түрі болып табылады. Ол балалардың музыкалық-ырғақтық, дене, эстетикалық және дене дамуын қалыптастыруға бағытталған. Музыка ырғағымен қимылдау оларды ұжымдық әрекетке, достыққа, серіктестікке және өзара сыйластыққа баулиды. Билеу мектеп жасындағы балалардың ағзасын нығайтады. Оларға қимылдар жасата отырып ағзасындағы айтарлықтай физиологиялық өзгерістерге қол жеткізуге болады. Атап айтқанда, тыныс алу мен қан айналымы жақсарады. Көңілді музыка көңіл-күйді көтереді, бас мидың ассоциативті, зияткерлік және ерік процестерімен байланысты жоғары бөлігінің қызметінің белсенділігін қалыптастырады. Мектеп жасындағы қаңқа бұлшықеттерінің қызметі ерекше мәнге ие екендігі белгілі. Себебі дамып келе жатқан ағзаның жұмсалған қуатының орнын толтыру тек оның қайта қалпына келтірумен емес, одан әрі жетілдірумен сипатталады. Сондықтан да бимен айналысу барысында қуатты жұмсау емес, керісінше, жинақтау процесі жүреді. Музыкалық-ырғақтық қимылдар моториканы қалыптастыруға ықпалын тигізеді, дене сымбатын жақсартады. Балалар біртіндеп жеңіл, мәнерлі қимылдап, өздерін еркін ұстауға үйренеді. Балаларда жеңіл қимылдау, тұрақтылық, ептілік, жылдамдық және

екпінді қимылдау сияқты сапалар қалыптасады. Бимен жүйелі түрде айналысу бұл жастағы балалар үшін аса пайдалы: дене сымбаты қалыптасады, дене пропорциясы жетілдіріледі, бұлшықеттер нығайтылады.

Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру идеологиялық жұмыстың маңызды бір саласы. Ол балалардың жақсы қасиеттерінің барлық түрін дұрыс қабылдауға, ұғына білуге, бағалауға, өмірдің және еңбектің алуан түрлі саласына «әсемдік» элементтерін негізе білуге үйретеді, ұсқынсыздық пен парықсыздыққа қарсы күресуге қабілетін шыңдайды. Тұлғаны барлық жағынан жетілдіру оның шығармашылық қабілеттері мен дарынын дамытуды және нағыз еңбекқор ретінде, қоғам қайраткері ретінде, адамгершілік парасаты мол, мәдениеті қалыптасқан адам ретінде тәрбиелеуді көздейді. Бірғақ сабақтары еңбек және ерік тәрбиесінде де маңызды рөл ойнайды. Балаларды еңбекқорлыққа, төзімділікке, ерік күшіне тәрбиелеу, болашақта аталған сапалардың мектеп жасында одан әрі дамытудың алғышарты болады.

Педагогтың күш-жігері балалардың дүниетанымын, адамгершілік мәдениетін, көркемдік және эстетикалық дамуын қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Себебі, балалардың биге деген қызығушылығын тудыру және оны сақтап қалу күрделі жұмыс әрине! Себебі балалардың қойылымдарға қатысулары мен сахнаға шығуға деген ынтасы хореографиялық материалдың берілу әдіс-тәсілдеріне байланысты екендігі белгілі. Сондықтан да педагог-жетекшіге әдеп, сезімталдық, әр балаға дербес тұрғыдан келу қажет болады.

Балалар хореографиясы – би-қимыл ырғағы, балаларға би қимылдарының

негізін үйретеді, физикалық және психологиялық жағынан дамытады. Би білімін алатын балаларға бұл бағытта пайда өте көп. Би иілгіштікті, дененің тонусын жақсартады, бұлшықетті дамытады. Ол жақсы дене тұлғасын, тепе-теңдікті, координацияны қалыптастырады. Балалар биі сұлулықты сезіндіреді. Педагог-хореограф балаларды өнермен қарым-қатынас жасау қажеттілігін қалыптастырып, дамытуы және оның тілін ұғынып, эстетикалық талғамын жетілдіреді. Тәрбие жұмысы жүйелі түрде жүргізілгенде ғана нәтижесін береді. Тәрбие жұмысының күрделілігі ұжымда түрлі мәдениет және тәрбиелік деңгейдегі балалардың болуымен анықталады. Олардың қызығушылығын бір жерге шоғырландыру өте оңайға соқпайды. Сондықтан да педагог-жетекшіге әдеп, сезімталдық, әр балаға дербес тұрғыдан келу қажет болады. Ол балалардың қызығушылығын тудырып, әр баланың мүмкіндіктері мен перспективасын қолдануы тиіс. Педагог ұжымда тәрбие жұмысын балалардың қызығушылығын тудыру негізінде жүргізуі тиіс. Ол жаңа хореографиялық материалдарды (қимыл, би комбинациялары, би этюды, номер, қандай да бір іс-шараларды дайындау және т.с.с.) тұрақты түрде үйренумен сүйемелденеді. Жоғарыда айтылғандардың барлығы балалардың жағымды эмоцияларын тудырып, адамгершілік сезімінің және эстетикалық мәдениетінің дамуына ықпал етеді.

Эстетикалық тәрбие берудің мақаламызда қозғалған бағыттары бала тұлға қалыптасуының, оның үйлесімді, жан-жақты дамуының, шығармашылыққа талпыныстарын оятудың қажетті шарты деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

**ҚОРЫТЫНДЫ**

Қорыта келгенде, би өнері оқушының эстетикалық мәдениетін дамыту арқылы жас баланың бойына адамгершілік негіздерін қалыптастыру, өз халқының төл рухани мәдениетінің қыр-сырын, салт-дәстүрін білген тұлға елінің патриоты ғана емес, өзге ұлттың да болмысын құрметтей білетін, яғни

ұлттық санасы биік, өркениеттің көшіне ілесер жан-жақты болары сөзсіз дей келе еліміздің болашақ өркендері бимен шалықтап, қазақы дәстүріміздің бет көрінісі болсын, Мәңгілік еліміздің шар айнасына айналсын, еліміздің рухани жаңғыруы болашаққа шабыт берер рухани құндылық болсын дегіміз келеді.

**ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ**

1. [https://ust.kz/word/bi\\_oneri\\_tilsiz\\_oner-165692.html](https://ust.kz/word/bi_oneri_tilsiz_oner-165692.html)
2. [https://www.inform.kz/kz/d-bolathanuly-balet-artisi-bedeldi-mamandyk\\_a2887731](https://www.inform.kz/kz/d-bolathanuly-balet-artisi-bedeldi-mamandyk_a2887731)
3. Платонов К.К. Проблемы способностей. – М.: Наука, 1972. – 312 с.
4. Джон Локк. Избранные философские произведения, т. I. – М.: Мысль, 1960. – 736 с.
5. Құнанбаев А. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 487 с.
6. Штерн В. Одоренность детей и подростков и методы ее исследования. – М.: Прогресс, 1926. – 265 с.
7. Теплов Б.М. Проблемы индивидуальных различий. – М.: АПН РСФСР, 1961. – 536 с.
8. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Питер, 2000. – 720 с.
9. Құдайқұлов С.М., Құдайқұлов М.Ә. Творчестволық және бәсекелестік қабілеттілік. – Алматы, Школа XXI века, 2006. – 82 с.
10. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. – М.: Изд-во МГУ, 1972. – 575 с.

А. Б. МУКАШЕВА, А.О.САПАРЖАНОВА

**РОЛЬ ПСИХОЛОГИИ В ХОРЕОГРАФИЧЕСКОМ ИСКУССТВЕ**

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан

MUKASHEVA A.B., SAPARZHANOVA A.O.

**THE ROLE OF PSYCHOLOGY IN THE ART OF CHOREOGRAPHY**

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

**Аннотация.** В данной работе рассматриваются вопросы психологического развития детей в области хореографии на основе описания психологической работы специалиста-психолога с обучающимися хореографических учебных заведений. В статье изложены прогрессивные, инновационные варианты психологической работы по развитию детей, обучающихся в хореографических учебных заведениях, ряд важных задач и методических подходов, направленных на психологическое обеспечение детей в зависимости от возрастных особенностей. Обращено внимание на психоэмоциональные и психофизиологические условия и сверхспособности детей, обучающихся в хореографических учебных заведениях. Видно, что балетное искусство-сложное и интересное искусство, требующее терпения. Балетное искусство имеет особое значение в духовной жизни людей.

**Ключевые слова:** хореография, балет, Алматинское хореографическое училище им. А.В. Селезнева, искусство танца, артист балета

**Abstract.** In this paper, the problems of psychological development of children in the field of choreography are considered based on the characteristics of work of a psychologist with students in choreographic educational institutions. The article presents progressive, innovative versions of psychological work for the development of children studying in choreographic educational institutions, a number of important tasks and methodological approaches aimed at psychological support of children depending on their age characteristics. Attention is paid to the psychoemotional and psychophysiological conditions and great abilities of children studying in choreographic educational institutions. You can see that ballet art is a complex and interesting art that requires patience. Ballet art has a special essence in the spiritual life of people.

**Key words:** choreography, ballet, Almaty Choreographic School named after A.V. Seleznev, dance art, ballet dancer.

FTAMP 14.29.01

**Н.С. ӘЛҚОЖАЕВА<sup>1</sup>, А.Н. СӘУЛЕБЕК<sup>1</sup>**<sup>1</sup> *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,**Қазақстан, Алматы қ.**e-mail: nalgozhaeva@mail.ru, botashka6@mail.ru*

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ТАРИХЫ

**Аңдатпа.** Мақалада бүгінгі таңда білікті мамандарды даярлау мен білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесі басты назарда тұр. Тәуелсіздігімізді баянды ету жолында дербес мемлекетімізде білімнің маңыздылығы әрқашан жоғары бағаланып, барынша қолдау көрсетілуде. Әрине, сапалы білім мен кәсіби білікті мамансыз бәсекеге қабілетті өскелең ұрпақты тәрбиелеу мүмкін емес екені бәріне мәлім. Заманауи педагогикалық білім парадигмасы педагог-психологтарды жаңаша даярлауды анықтайды, ол – тек жаңа білімдерді, жаңа мақсаттар, жаңа құндылықтар мен тұлғалық мағынаны игеру ғана емес, сонымен қатар болашақ педагог-психологтың мәндік күшін, оның интеллектуалды және адамгершілік әлеуетін, әр түрлі әлеуметтік - мәдени жағдайларда еркін бағдарлану мүмкіндіктерін ашу, белгілі педагогикалық технологияларға қызмет етуімен қатар тәрбиелік үдерістерді де жүзеге асыру болып табылады. Білім берудіңде басты мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

**Түйін сөздер:** педагог-психолог, тарихы, мотивация, білім, қалыптастыру.

### КІРІСПЕ

Қазіргі қоғам талабы білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің технологияларын жаңартуға бағытталған көптеген міндеттерді жүктеп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылдың 2 тамызында «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына жолдауында «Еліміздің бюджеті екі негізгі мақсатқа бағытталуы тиіс – экономиканы дамыту және әлеуметтік мәселелерді шешу. Әлеуметтік салада мынадай бағыттарға баса мән беру керек. Бірінші. Білім беру сапасын

жақсарту», деп айтқан болатын [1]. Тәуелсіздігімізді баянды ету жолында дербес мемлекетімізде білімнің маңыздылығы жоғары бағаланып, барынша қолдау көрсетілуде. Елімізде білім беру мазмұны жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына өзгерістер енгізілуде.

Қазіргі күнде Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы саясаты – дүние жүзілік білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті, Болон конвенциясының ережелеріне сәйкес, 12 жылдық білім беру моделін жүзеге асыруға бейім, кәсіби қызметпен ғылыми-ізденушілік қызметті бірге

алып баратын тұлғалық сапасы жоғары жаңа дәуір ізденуші мамандарын дайындау міндетін қояды.

Бұл міндетті жүзеге асыру жоғары оқу орындарында педагог мамандарды даярлау мәселесіне жаңаша тұрғыдан қарауды, бұл бағыттағы қол жеткен табыстарға сын көзбен қарап саралауды, болашақ мамандардың шығармашылық әлеуетін, адамгершілікті-тұлғалық сапаларын дамытуды, мұғалім іс-әрекетін инновациялық, технологиялық тұрғыдан ұйымдастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына 2012 жылғы Жолдауында Қазақстан дамуының жаңа кезеңі – бұл экономиканы нығайту, халықтың әл-ауқатын арттыру міндеттерін шешу болып табылады деп көрсетті [94]. Осы Жолдауда Ел Президенті 2050 жылға қарай жоғары табысты отыз елдер қатарына ену міндетінен бастау алатын алдағы кезеңдегі мемлекет дамуының басты басымдықтарын айқындап берді. Сол басымдықтардың бірі – елімізде мамандардың бәсекеге қабілеттілігі әлеуметтік-экономикалық, техникалық жүйелердің және технологиялардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталатынын ерекше атап өткен болатын.

#### ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қазіргі кездегі білім берудің маңызды рөлі – болашақ мамандарды даярлау мәселесін, адам іс-әрекетінің ең маңызды саласына айналдыру. Олай болса бүгінгі күні әсіби қоршаған ортаның бәсекелестігі жағдайында жұмыс жасау үшін мамандар жаңа технологияларды меңгеріп, өзгермелі өмір жағдайларына тез бейімделетін, кәсіби, тұлғалық-әлеуметтік тұрғыдан

құзыретті болуы тиіс. Сондықтан қазіргі таңда құзыретті мамандар даярлау мәселесі білім беру кеңістігіне ену жағдайларымен байланысты өзекті болып отыр.

Педагогикалық мамандық бір уақыттың өзінде өзгертуші және басқарушы қызмет атқарады. Тұлға дамуын басқару үшін педагогтан алдымен адамгершілік, тұлғалық сапалар талап етіледі. Педагогтің тұлғалық сапасы немесе тұлғалық құзыреттілігі оның жалпы кәсіби дайындығының бір бөлігі ретінде педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті тұлғалық дайындығын білдіреді.

#### НӘТИЖЕЛЕРІ

Зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты болашақ педагог-психолог мамандардың кәсіби тұлғасын қалыптастыруға бағытталғандықтан, біз ең алдымен «тұлға», «кәсіп», «мамандық», «кәсіби тұлға», «кәсіби тұлғалық сапа» ұғымдарының мән – мазмұны мен өзара ара қатынасын айқындап алуымыз қажет деп білдік. Әртүрлі саладағы, атап айтқанда философия, социология, психология, педагогика және т.б. ғылымдардың барлығы дерлік ретінде қарастырса, психология оны психикалық қасиеттер мен процестердің: мінез-құлық, темперамент, қабілет және т.б. қасиеттердің тұрақты жиынтығы ретінде қарастырады [2,3]. Әлеуметтану ғылымы тұлғаны әлеуметтік өмірге белсенді түрде араласатын, әлеуметтік қатынастардың субъектісі ретінде қарастырады [4].

Тұлға – әлеуметтанудың өзекті мәселелерінің бірі, өйткені, қоғамдағы болып жататын әлеуметтік құбылыстар мен процестердің, сол сияқты жекелеген адамдар мен әлеуметтік топтардың іс-әрекеттерінің себептерін, мәнін жеке

тұлғалардың мәнді сипатты белгілері арқылы түсінуге болады. Басқаша айтқанда, жеке тұлғаның мінез-құлқы арқылы тұтас топтың, қоғамның өмірін түсінуге болады.

Сонымен, «Тұлға» дегеніміз - адамның тек табиғи-биологиялық қасиеті ғана емес, ол табиғаттан тысқары тұрған, тек қана қоғамда өмір сүріп, қоғаммен тығыз байланысқатынастар негізінде қалыптасқан адамдардың мәні. Мұны адамның әлеуметтік сипатының бастамасы деп те атайды. Нақтылап айтсақ, тұлға дегеніміз – индивидтің табиғаттан тыс адами қасиеті, яғни оның әлеуметтік өмірінің мәнді жақтарын сипаттайтын сапасы [5].

Өзінің жеке тұлға теориясында гуманистік және жеке даралық тұрғыны біріктірген гуманист Г.У. Оллпорт (1897-1967) болса, адам табиғатының – жеке тұлғалық даму, өзін-өзі жеңе білу мүмкіндіктерін толық іске асыру аспектілерін зерттеген [6]. 1937 жылы сол кезде белгілі болған жеке тұлға анықтамасының 50-ге жуығын жүйелеп, солардың ішінен: терминнің этимологиясына, философиялық заңға, әлеуметтік мәндері мен сыртқы көріністеріне, психологиялық және теологиялық мәніне байланысты жіктейді.

Оның теориясының негізінде екі идея жатқандығын аңғаруға болады. Оның біріншісі, әрбір адамның әр қилы жағдаяттардағы мінез-құлқын айқындайтын өзіне ғана тән қасиеттерінің жиынтығы болады; екіншісі, әрбір адам өзінше жеке дара, әлемде мүлде бірдей екі адамды табу мүмкін емес деген ойларды оның еңбегінен кездестіруге болады.

Адам өміріндегі процестердің қазіргі замандағы физикалық процестерге қарағанда парадоксалдылығы кем

емес. Бір уақытта әрі шекті, әрі шексіз ғарышты; бір уақытта, әрі толқын, әрі бөлшек болатын жарықты, орбиталар арасындағы кеңістікті бұлтартпастан бірінен екіншісіне көшетін электрондарды біз қалай түсіне аламыз? Осылайша адамның жеке тұлғасы да бір уақытта әрі құрылым, әрі процесс; әрі биологиялық, әрі рухани тіршілік иесі болып табылады деп Оллпорт Г.У. адам табиғатының ерекшелігіне, күрделілігіне тоқталады.

Психолог Г.Ю. Айзенк (1916-1997) өзінің «Жеке тұлға құрылымы» атты еңбегінде: «Жеке тұлға – бұл қажет ақпаратты алу үшін жеткілікті уақыт мөлшерінде шынайы мінез-құлқты бақылауда анықталуы мүмкін іс-әрекеттердің жиынтығы» деген Уотсонның сөзін бихевиористік анықтаманың мысалы ретінде келтіре аламыз; дейді [7]. Принст бұл ұғымға мынадай анықтама береді: «Жеке тұлға – бұл индивидтің тума биологиялық диспозицияларының, инстинктерінің, құмарлықтарының және өмір сүру барысында иеленген бейімділіктері мен бітістерінің жалпы жиынтығы». Сонымен қатар «Жеке тұлға – бұл адамның қоршаған әлемге дербес бейімділігін анықтайтын, оның мінезінің, темпераментінің, интеллектісінің және дене құрылысының (конституциясының) азды-көпті тұрақты құрылымы»-дейді [8]. Айзенк Г.Ю. жеке тұлға теориясын адамның биологиялық құрылымдары: дене құрылымы, жүйке жүйесі, ми және белгілі жеке тұлғалық қасиеттері арасында қатаң сәйкестік құруға ұмтылады [9].

Қоғамның жаңа әлеуметтік даму жағдайында оқушылардың бойына ұлттық тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруда қазақстандық философ, психолог, педагог ғалымдары да көптеген зерттеулер жасады. Олардың

бірқатарының теориялық еңбектерінің негізіне қысқаша тоқталып өтейік. Солардың қатарында ғалым Т.Сәрсенбаев өзінің «Ұлттық сана-сезім мен ұлттық қадір-қасиет» атты еңбегінде ұлттық тұлға қалыптастыруда ұлттық психологияның алатын орнын ерекше екендігіне тоқталады. Ол: «Ұлттық психологияға ұлттық мінез-құлық, ұлттық ой-сана, сезім жатады деп ойын тұжырымдайды. Ұлттық мінез-құлық бұл әлеуметтік психологиялық категория: шаруашылық пен тұрмыс, мәдениет пен наным салаларындағы және сыртқы құбылыстарды қабылдау әдісіндегі өзіндік ерекшеліктерін білдіретін ұғым. Оның нәсілдік көрініспен ешқандай байланысы жоқ. Ұлттық ой-сана негізінен өз ұлты мен басқалардың түбегейлі мүдделерін түсініп білуде маңызды орынды иеленеді. Ұлттық сезім ұлттық ой-санадан ерекшелену – бұл, адамның түрлі өмірлік құбылыстары мен жағдайларды, ұлттық мүдделерді өзіндік тұрғыдан түсінуі. Ұлт бар жерде ұлттық сезім де бар, ол құрметтелуі керек», - дейді [10]. Ұлттық тұлға бойындағы ұлттық сана-сезімі мен қадір қасиеті өзге ұлттардың да өзіндік ерекшеліктерін, ұлттық қадір-қасиетін құрметтеуден тұратындығына бағытталады. Ғалым «Ұлтаралық қарым-қатынастар саясаты мен мәдениеті» атты еңбегінде: «Шын мәніндегі ұлттық сана-сезім тек өз халқының ғана емес сонымен бірге басқа халықтардың да ролін ұғына білуге байланысты болады. «Өз халқына деген сүйіспендігі жоқ адам, өзге халықтарды да сүйе алмайды» деген белгілі қағиданы «Басқа халықтарға сүйіспендігі жоқ адам өз халқын да сүйе алмайды» деп өзгертуге болады», - деп ойын дәлелдей түседі [11,12].

Қазақстандық ғалым А.Ж.Тобаға-былова өзінің зерттеуінде «Тұлғалық

сапа» ұғымына: «Танымдық белсенділігі мен қажетсінуі, мотивациясы негізінде қаланатын жеке тұлғаның іс-әрекетіндегі жаңаны жасаудағы креативтілігі мен жаңа нәтижеге қол жеткізуге ұмтылысынан танылатын, өзіндік жұмысы, ізденуі мен жаңашылдығын бейнелейтін жеке тұлғалық сапасы», - деп анықтама береді [13].

Әлеуметтану ғылымында да тұлға ұғымына әртүрлі анықтамалар берілген. Атап айтқанда, М.Тәжин мен С.Аяғановтың «Әлеуметтану негіздері» деген еңбегінде: «Адам тұлғасы дегеніміз – еңбек әрекетімен шұғылдана алатын, әлеуметтік қатынастарға түсетін, өзара байланыс жасауға толық қабілеті бар тіршілік иесі», - деп анықтама беріледі [14,15].

Жалпы алғанда адамның өлшемі үш түрлі болады: биологиялық, психологиялық және әлеуметтік. Биологиялық өлшем – бұл адам организмінің түр бейнесі мен құрылымының (морфологиясын), басқаша айтқанда, организмнің құрылысын және формаларын зерттейді, оның атқаратын, орындайтын қызметін, шығу негізін, ми, жүйке жүйесін және т.б. қамтиды.

Психологиялық өлшем – адамның ішкі жан дүниесі, онда жүріп жататын саналы және санадан тыс құбылыстар мен процестер, (сезім жүйесі, мысалы, құмарлығы, жек көру, не сүйу, мақтаныш, не қорлану, күйініш, не наразылық, ойлау) адамның еркі мен сипатын (бейнесін) темпераментін және т.б. қамтиды. Осыған орай жеке-жеке алып қарағанда бұл екі өлшемнің әрқайсысы адам ұғымын тұтас тұлға ретінде ашып бере алмайды, өйткені, биология мен психология адамдарды жеке-дара зерттеп, оларды тұлға ретінде көрсете алмайды.



Үшінші, әлеуметтік өлшем – адамды тұлға, яғни белгілі бір тип, бірнеше адамның үлгісі, образы, бейнесі, моделі ретінде қарайды. Тұлғаны жан-жақты осылай қалыптастыратын оны қоршап тұрған орта, мұнда ол үнемі іс-әрекет, қызмет атқарады, үнемі онымен тығыз байланыс орнатып, қатынаста болады. Осыған сәйкес әрбір қоғам өзіне тән лайықты тұлғаны қалыптастырып отырады.

Әлеуметтану тұлғаның идеалды типін, яғни оның қоғамның идеясына сәйкес келетін немесе идеалды емес, яғни қоғамға сәйкес келмейтін типін, оның идеалды типтен қандай ерекшелігі, айырмашылығы барын зерттейді.

Әлеуметтануда тұлға негізгі екі тұрғыдан қарастырылады. Олар:

а) Тұлғаның қоғамдық қатынастар жүйесіне араласып, мұның бар жақсылықтарын бойына сіңіріп, тұлға ретінде қалыптасуын;

ә) Әлеуметтік қатынастардың және саналы іс-әрекеттің субъектісі ретінде қалыптасуын қарастырады. Ал, педагогика ғылымы тұлғаны жан-жақты үйлесімді тәрбиелеуді мақсат етеді.

Энциклопедиялық сөздікте тұлға - жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым ретінде қарастырылады[16].

Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи тұжырымдамасына сәйкес тұлға тарихи-эволюциялық процестің мүшесі болып табылады [17]. Ол әлеуметтік рөлдердің тасымалдаушысы ретінде өмірлік жолдарды таңдау мүмкіндігіне ие болады. Оның барысында адам табиғатты, қоғамды және өзін-өзі өзгертуді жүзеге асырады.

Жоғарыдағы пікірлерді қорытындылай отырып, «тұлға» түсінігіне

төмендегідей тұжырым жасауға болады: «Тұлға» адамның әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығы ретінде оның адамгершілік, кәсіби, адами сапаларын білдіретін жиынтық ұғым, қоғам мойындаған адамгершілікті, ізгілікті қағидаларға негізделіп саналы іс-әрекет жүргізетін жеке адам. Әрбір тұлғаның белгілі бір деңгейде іштей санасы, қасиеті болады. Олардың жиынтығы тұлғаның сапасын айқындайды.

Бүгінгі күні тұлғаның сапасы оның интеллектуалдық-рухани байлығы мен мінез-құлық мәдениетінің жиынтығынан тұратын көпмәдениеттілігін қажетсінеді. Мұндай тұлғаның сапалар туралы қазақтың ұл ақыны Абай атамыз да қара сөзінде: «Қашан бір бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты «адам» болады», деп айтқан болатын[18]. Мұндай тұжырымды ой мен көзқарас дәл бүгінгі күні өзекті болып, тұлғаның білімділігі арқылы қалыптасқан қасиет сапалары оның қоғамдық мәнін айқындап тұр. Бұл әсіресе, мамандар даярлау жүйесінде студенттердің кәсіби тұлғасын қалыптастыруда сұранысы артып келеді.

М.К. Дюшеева өзінің «Жоғары оқу орнындағы болашақ мұғалімнің кәсіби тұлғалық қалыптасуының психологиялық-педагогикалық негіздері» деп аталатын докторлық диссертациясында мұғалімдерді кәсіби даярлаудың тенденцияларын айқындай отырып, болашақ маманның кәсіби тұлғалық қалыптасуының мазмұнын қырғыз халқының білім беру жүйесінің негізінде талдау жасаған. Болашақ маманның кәсіби қалыптасуында білімнің мазмұны мен оны меңгеруді ұйымдастырудың озық технологияларын ұсына отырып, студенттердің кәсіби қалыптасуға

ынтасы мен дағдыларын тиімді жүзеге асыру жолдарын дәлелдеген. Ғалым М.К.Дюшеева маман даярлау жүйесінің қоғам дамуына сәйкес өзгерістерін мамандар даярлау жүйесімен салыстырмалы талдау жасай отырып, маман тұлғасының қай қоғамда болмасын шешуші роль атқаратындығын тұжырымдайды [19]. Мұндай көзқарасты ғалым Э.Ф.Зеер де назардан тыс қалдырмаған. Ол педагогтің қабілеттілігін құрайтын төмендегідей тұлғалық сапаларының құрамды бөліктерін атап көрсетеді:

- оқу материалын оқушыларға түсінікті етіп беру қабілеті;
- жұмыстағы шығармашылық;
- оқушыларға педагогикалық еріктік әсер ету;
- оқушылар ұжымын ұйымдастыра алу қабілеті;
- балаларға деген қызығушылық пен махаббат;
- сөйлеудің мазмұндылығы мен айқындығы, оның бейнелілігі мен сенімділігі;
- педагогикалық әдеп;
- оқу пәнін өмірмен байланыстырып бере алу қабілеті;
- байқағыштығы;
- педагогикалық талап қойғыштығы [20].

Педагогтің мұндай тұлғалық сапалары кәсіби сапаларынан тыс қарастырылмайды. Осы тұста ғалым И.П.Подласый ғылымға қызығушылық, өзінің кәсіби еңбегін сүю, эрудиция, өзінің оқытатын пәнін жетік білу, пәнді оқыту әдістемесін меңгеру, психологиялық дайындық, жалпы эрудиция, кең мәдени дүниетаным, педагогикалық шеберлік, педагогикалық еңбек технологияларын меңгеру, ұйымдастырушылық іскерліктері мен дағдылары, педагогикалық әдеп,

шешендік өнері т.б. қасиеттер педагог тұлғасының сапалары ретінде маман бойынан табылу тиіс деген көзқарасты білдіреді [21].

Сонымен қатар, ғалым Е.А.Панько педагогтің тұлғалық кәсіби сапаларынан тыс пәндік-кәсіби құзыреттілігін де маңызды деп көрсетіп, оларды гностикалық, конструктивтік коммуникативтік, ұйымдастырушылық және арнайы іскерліктермен байланыстырады [22].

Шетелдік ғалымдар Н.А. Аминов [23], В.Ф. Когуров [24], В.П. Кашенко [25] өздерінің психологиялық еңбектерінде маманның кәсіби тұлғалық сапаларына стресске шыдамдылық, сабырлылық, эмоционалдылық қасиеттерді педагогтің ең маңызды сапалары деп білетіндігін жазады. Сонымен қатар, педагогтің ең маңызды сапасы ретінде педагогикалық іс-әрекеттің тиімді болуы эмпатиялық қасиетке ие болумен байланысты деп санайтын ғалымдар И.М. Юсупов [26], Т.П. Гаврилова [27], С.Б. Борисенко [28] айтса, уайымдау, есіркеу, ұнау секілді қасиеттерді де дефектолог тұлғасының маңызды құрамды бөліктері ретінде ажыратып көрсетеді (В.П. Кашенко).

К.Д. Ушинскийдің айтуы бойынша, мұғалімге шексіз шыдамдылық қажет. Мұғалім оқушымен жұмыс жасағанда қабылдау сергектігі мен эмоционалдығы шыдамдылықпен және өзін-өзі ұстай білуімен үйлесім табуы тиіс. К.Д. Ушинский мұраларындағы мұғалімдер үшін ең құнды мәселе-өз тәжірибесін ғылыми жалпылау арқылы өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылуы, энциклопедиялық танымға ие болу, олардың нақтылығы мен аяқталғандығы. Педагогикалық мақалаларында К.Д.Ушинский: «... халық мұғалімінен ең алдымен өз

*іс-әрекетіне ықыласы, қабілеті, үндеуі талап етіледі, өзі дұрыс педагогикалық тәрбие алған адам ғана жақсы педагог бола алады», - дейді [29]. Сондықтан бүгінгі педагогтан үнемі өз-өзін ұдайы жетілдіруі, бала тұлғасын дамыту ғана емес, өзін тұлғалық дамытуда да ізденісте болуы талап етіледі.*

М.М.Рубинштейн мұғалімдерді дайындау міндетін ең маңызды мәселе деп қарап, оның тұлғасын дамытуға басты назар аударды. Болашақ педагогтің қалыптасуында ол ең алдымен табиғат оған не берді, ол өзінде нені қалыптастыру тиіс, екіншіден, ғылым оған не беруі тиіс, теориялық жұмыс барысында ол нелерді меңгеруі қажет, үшіншіден ол өзінде нені қалыптастыруы қажет деген мәселелерді айқындап алуы тиіс деген болатын.

М.М. Рубинштейннің пікірі бойынша мұғалім өзі кәсіби және тұлғалық тұрғыдан дами алады, тек оған сол қабілеттерінің толық ашылуына көмектесу қажет дейді [30]. Сондықтан болса керек, ол мұғалім тұлғасының құрылымын төмендегідей белгілейді:

- әлеуметтік сипаты (баланы сүю, оларға көмекке асығу, кәсіби борышын мойындау, өз жұмысының сапасына жауапкершілік т.б);
- эстетикалық сипаты педагогикалық жасампаздық белгісі ретінде көрінетін шығармашылық сипаты;
- дербес сипаты (өмір қуанышы, өз индивидуалдығын дамыту);
- биологиялық негізделген сипаты-өмір сүру әрекетінің құндылығын сезіну;
- моральдік сипаты (кәсіби іс-әрекеті мен өмірде өзіне өзі адал болуы, педагогикалық әдеп, объективтілік сапалары).

Осы аталған сипаттар педагогика-

лық әрекеттің мәні мен құндылығы, педагог тұлғасының өзегі мен өз қызметіне қарым-қатынасын айқындайды.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби біліктері мен қабілеттері, тұлғалық қасиеттерін педагогикалық тұрғыдан дамыту мәселесін қазақстандық ғалым Н.Д.Хмель тұжырымдады. Н.Д.Хмель мұғалімнің кәсіби қызметке дайындығын әлеуметтік маңызды мотивтерінің, психологиялық-педагогикалық білім жиынтықтары және тұтас педагогикалық үрдіс қызметінің жемісті орындалуын анықтаушы қызмет тәсілдері ретінде сипаттайды [31].

И.Д.Лаптева құзыреттілікті негізгі, базалық және арнайы деген түрлерге бөледі [32]. Педагогтің негізгі құзыреттіліктері тұлғаның өзгермелі заманауи қоғамда өзін тиімді жүзеге асыра алуымен байланыстырылады. Базалық құзыреттіліктер белгілі бір пәндердің немесе пән саласының ерекшеліктерін меңгерумен байланысты.

К. Ангеловский мұғалімнің кәсіби құзыреттілік құрылымын педагогикалық іскерліктері арқылы түсіндіріп, педагогикалық іскерліктерді 4 топқа біріктіреді [33]:

1. Объектив тәрбие процесі мазмұнын нақты педагогикалық міндеттерге «аудару алу»: жаңа білімдерді меңгеруде тұлға және ұжымның дайындықтарын үйрену және соның негізінде жеке оқушылар мен ұжымды дамыту процесін жобалай алу; кешенді білімдік, тәрбиелік, дамытушылық міндеттерді ажырата алу, оларды нақтылау жетекші міндеттерді айқындау.

2. Логикалық тұрғыдан аяқталған педагогикалық жүйені құра алу және оны әрекетке келтіру: білімдік-

тәрбиелік міндеттерді кешенді жоспарлау, оны ұйымдастырудың формасы мен әдіс-тәсілдерін негізді түрде таңдай алу.

3. Тәрбие компоненттері мен факторлары арасында байланыс орната алу және оларды ажырата алу, оларды әрекетке келтіру: қажетті (материалдық, моралдік, психологиялық, ұйымдастырушылық т.б) жағдай жасау; оқушы тұлғасын белсендіру, оның іс-әрекетін дамыту т.б.

4. Педагогикалық іс-әрекет нәтижесін есепке алу және оны бағалай алу: өз іс-әрекетіне, білім беру процесіне талдау жасай алу; жаңа жетекші және бағынышты міндеттер кешенін айқындай алу.

Қазіргі таңда бұл ұғымға біркелкі көзқарас қалыптаспаған. Мысалы В.А. Адольф [35], И.Ю. Степановалар [34] болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі қалыптасуының критерийлерін кәсіби іскерліктерді меңгеру дәрежесінен де айқындауға болатындығын айтады. Олар теориялық дайындық теориялық іс-әрекетті меңгеруде, педагогикалық тұрғыдан пікірлеуде; практикалық дайындық оның кәсіби құзыреттілік құрылымында сыртқы (пәндік) іскерліктерде, педагогикалық іс-әрекетке тән әрекеттерде көрінетіндігін айтады.

Оқытушының тұлғалық сапалары оқыту процесінде төмендегідей көрініс береді:

- студентті тұлға ретінде қабылдау, оның табысқа жететіндігіне сендіру және мүмкіндіктерін көре біліп, әрі нығайту;

- мәлеметтерді қысқаша түрде беру арқылы оған әлсіз студенттің де, күшті студенттің де қол жеткізуіне мүмкіндік туғызу;

- болашақ маман ретінде қазіргі

заман талабына сай өзін-өзі өзгерте ала білу қабілеттілігін қалыптастыру;

- студенттің тек білімін ғана емес, өмірге қабілеттілігін арттыру;

- болашақ мамандарды осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы; жедел шешім қабылдаушы; ерекше ұйымдастырушылық қабілетті; нақты бағдар беруші; өзгеге ұқсамайтын қайталанбас тұлға ретінде қабылдауды тәрбиелеу;

- шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге, үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастыру.

Психологиядағы іс-әрекеттік көзқарас тұрғысынан тұлғаның дамуы субъект үшін маңызды болған кәсіби іс-әрекетті тиімді меңгеру процесінде жүзеге асады. Басқаша айтқанда, адам кәсіби қалыптасуда қаншалықты жоғары жетістікке жетсе, тұлғалық тұрғыдан да соншалықты дамиды.

Педагог кәсіби адаммен байланысты болғандықтан, оның жеке тұлғасы «қуатты еңбек құралы» болып табылады. Кәсіби іс-әрекет нәтижесінің тиімділігі сол құралдың қаншалықты жетілдірілгеніне байланысты. Ал кәсібилік – бұл индивидтің кәсіби дағдыларды меңгеру дәрежесі.

Педагогтің кәсіби өзін-өзі дамытуы педагогикалық техникасын жетілдіргенімен тығыз байланысты, яғни, сөйлеу, мимика, жест, пантомимика әрекеттерін шебер меңгергендігімен өлшенеді. Мінез-құлық мәдениеті қимыл-қозғалыс мәдениетін қамти отырып, дикция, артикуляция дауыс ырғағы т.б дамытуды талап етеді.

Өзін-өзі тану – бұл өзінің потенциалды, өзекті, ақыл-ой, тұлғалық

ерекшеліктерін, мінез-құлық сипаттарын, басқа адамдармен қарым-қатынасын тану процесі. Өзін-өзі тану педагогтің, студенттің өз өмірін саналы түрде сезінуі мен өзінің ішкі жан дүниесін талдау арқылы жүзеге асады. Өзін-өзі тану педагогикалық технология құралдары арқылы өзін-өзі бақылау, өзін өзгелермен салыстыру, өзін-өзі талдау арқылы ұйымдастырылады. Мұнда болашақ маманның, педагогтің өзін-өзі реттеу, өзін-өзі басқару, өзін-өзі бақылау, өзіне бұйрық беру, өзіне шектеу қою, өзін-өзі ынталандыру, өзін-өзі мақұлдау, өзін-өзі сендіру тәсілдерін меңгеруі қажет.

Қорыта айтқанда, педагогтің кәсіби тұлғалық қалыптасуы, кәсіби құзыреттілікке ие болуы төмендегі шарттарға негізделгенде тиімді жүзеге асырылады:

- кәсіби дайындық барысында өз бетінше іздену жұмыстарына араласу;
- кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруда студенттердің мотивациялық-құндылықты бағдарларын қалыптастыру;
- болашақ маманның кәсіби бағдарының қалыптасуында студент пен мұғалімнің субъект-субъект қарым-қатынаста болуы;
- дамытушылық білім беру кеңістігін құру;
- педагогикалық іс-тәжірибе әдістемелерін жаңарту,
- болашақ мамандарды ЖОО қабырғасында әдістемелік, шығармашылық топтарда жұмыс жүргізге қатыстыру;
- ізденушілік іс-әрекетпен айналысуы;
- инновациялық іс-әрекет, жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру;

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. – Егемен Қазақстан. – 2007. – 15 тамыз. – Б.5-8

- түрлі педагогикалық байқауларға белсенді қатысу;
- өз педагогикалық тәжірибесін жалпылау.

Сонымен, жоғарыдағы ғалымдар зерттеулеріне жасалған талдау маманның кәсіби тұлғасын сипаттайтын қасиеттер мынадай сапалар жиынтығы екендігіне көзімізді жеткізді. Олар:

- кәсіби құзыреттіліктің болуы;
- тұлғалық құзыреттіліктің болуы;
- кәсіби дайындық барысында өз бетінше іздену қабілетінің болуы;
- инновациялық іс-әрекет, жаңа педагогикалық технологияларды меңгеруі;
- өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі іске асыра білуі;
- сөйлеудің мазмұндылығы мен айқындығы және педагогикалық әдеп;
- педагогикалық талап қойғыштығы.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, білім беру ұйымында білім беру мазмұнына әсер ететін фактор ретінде қоғамдағы жоғары білім беретін ұйымның алдындағы мақсаты, өзінің тарихи даму жолындағы оқу процесінің, білім алушылардың орта және барынша мүмкіндіктері және жеке тұлғаның білім алуға талап тілегі. Оқу процесінің өзінде қоғамның жеке бастың талап тілегі мен қызығушылығына сәйкес өндірістің, ғылым мен техниканың дамуы уақыт өзгеруіне байланысты білімнің мазмұны да өзгереді. Біліммен қамтамасыз ету, мемлекеттік стандартқа сай міндетті түрде бағдарламаға сәйкес деңгейде білім беру мемлекеттің құзырына кіреді.

2. «Қазақ энциклопедиясы» Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы 1998 ISBN 5-89800-123-9, VII том
3. Орысша-қазақша педагогикалық сөздік Айтмамбетова Б.Р., Бейсенбаева А.А. - Алматы : Рауан, 1994. - 63 б. -4
4. Аяғанова Б. «Әлеуметтану» II – том М.М.Тәжін. Алматы қазақ университеті 2005 ж, 89-95 бет.
5. Педагогикалық энциклопедия Кеңестік дәуірде 1927 – 1929 жылдары екінші рет басылған үш томдық
6. Олпорт Г.Ю. Становление личности: Избранные труды / [Пер. с англ. Л. В. Трубицыной и Д. А. Леонтьева]; под общ. ред. Д. А. Леонтьева. М.: Смысл, 2002.
7. Айзенк Г. Исследования человеческой психики = Mind watching. Why we behave the way we do / Пер. А. Озерова. – М.: ЭКСМО-Пресс, 2001. – 480 с., илл. – ISBN 5-04-008247-9
8. Сәрсенова Т. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі -сапалы білімге кепілдік [Текст] / Н. Сәрсенова // Қазақ тарихы. - 2008. - №5-6. - Б. 18-20.
9. Айзек Г.Ю Вильсон Г. Как измерить личность. Пер. с англ. – М.: Когито-центр, 2000.10
10. Сәрсенова Т. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі -сапалы білімге кепілдік [Текст] / Н. Сәрсенова // Қазақ тарихы. - 2008. - №5-6. - Б. 18-20.
11. «Қысқаша педагогикалық сөздік». - Алматы, 2003. -184 б13 Әлсатов Т.М. Қазақ хандығы тұсындағы тәлімдік ойлардың дамуы (XV-XVIII ғғ.) – Алматы: Ғылым, 1999. – 198 б.
12. Нуритдинов З.Г. Педагогические идеи Абу-Райхана Беруни. – Ташкент: Фан, 1989. – 179 с.
13. Тобагабылова А.Ж., Болашақ мамандардың тұлғалық сапасын қалыптастыру педагогикалық проблема ретінде. «Қазақстан жоғары мектебі» 4(1)/2012ж.,229-233 б.16 Сеидов А.Ю. Из истории педагогической мысли в Азербайджане: Автореф. дисс... докт. пед. наук. – М., 1957. – 57 с.
14. Тәжін Б., Аяғанов Б. «Әлеуметтану оқулық» Алматы 2006ж, 92-95 бет
15. Аяғанова Әлеуметтану«Әлеуметтану» II –том М.М.Тәжін. Алматы қазақ университеті 2005 ж,89-95 бет.
16. Психология: Энциклопедиялық сөздік./Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б.
17. Выгодский Л.С. . Педагогическая психология.- М.: Педагогика, 1991.-479с.
18. Құнанбаев А. Шығармалар. (екі томдық). –Алматы: Жазушы, 1977.
19. Под ред. Нұрғалиев Р.Н., АқмамбетовФ.Ф.Философиялық сөздік. Алматы: Рауан, 1995;
20. Зеер Э.Ф. Психология профессий: Учебное пособие для студентов вузов. – 2-е изд., перераб., доп. – М.: Академический Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2003. – 336 с. – («Gaudeamus»).
21. Подласый И.П. Педагогика: 100 вопросов - 100 ответов: учеб. пособие для вузов/ И. П. Подласый -- М.: ВЛАДОС-пресс, 2004. - 365 с.
22. Панько Е.А., Коломинский Я.Л. Учителю о психологии детей шестилетнего возраста: книга для учителя. -- Москва: Просвещение, 1988. - 190 с.
23. Аминов Н.А. Диагностика педагогических способностей М.: 2002. № 3. 50
24. Козуров В.Ф «педагогика социального творчества». (М., Научное издательство «Большая Российская Энциклопедия», 1993. Том 1, с. 457–458).
25. Кащенко В.П. Педагогическая коррекция: Испр. недостатков характера у детей и подростков: Кн. для учителя.— 2-е изд.—М.: Просвещение, 1994.—223 с.: ил119
26. Юсупова И.М.Методика «Диагностика уровня эмпатии» М.: МГППУ, 2006 г. – 96 с
27. Гаврилова Т.П. Понятие эмпатии в зарубежной психологии (Исторический обзор и современное состояние проблемы) // Вопросы психологии. // 1975. – №2. – С. 145-158.
28. Борисенко С. Б. Методы диагностики и формирования эмпатии у учителей: Автореф. канд. дис. Ворошиловград, 1988.
29. Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания. Том I (1867) ; в формате PDF
30. Рубинштейн М.М. . Проблема учителя. М.:ИЛ., 1927. -173 с.

31. Сейтешов А.П. Теория и практика профессиональной подготовки учителя к нравственному воспитанию учащихся в целостном педагогическом процессе: дис. ... докт. пед. наук. – Алматы, 1995. – 328 с.

32. Лаптева И.Д. Личностное обособление как фактор профессионального самоопределения старшеклассников. Новокузнецк. 1999. Дисс. к.п.н.

33. Ангеловский К. Учителя и инновации Пер. с Макед. – М. 1991 – с. 37.

34. Степанова И.Ю. Обеспечение качества профессиональной подготовки педагогических кадров в вузе // Сибирский педагогический журнал. – Новосибирск, 2008. – №12. С. 35

35. Адольф В.А. Профессиональная компетентность современного учителя: Монография В.А. Адольф. – Красноярск КГУ: 1998–310с.

Н.С.АЛКОЖАЕВА<sup>1</sup>, А.Н.САУЛЕБЕ<sup>1</sup>

### ИСТОРИЯ ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ В КАЗАХСТАНЕ

